

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№115 (9433) | 1954 жылғы 10 июнь Бейсенбі | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ССРО кәсіподақтарының XI съезіне

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі ССРО кәсіподақтарының XI съезін және кәсіподақтар мүшелерінің көп миллиондаған бүкіл армиясын, біздің даңқты жұмысын табымыз бен біздің советтік интеллигенциямызды қызу құттықтайды.

Совет кәсіподақтары социалистік құрылыстың барлық кезеңдерінде Совет мемлекетінің қуатын күшейтуге, еліміздің экономикасын, халықтың мәдениеті мен әл-ауқатын үнемі өрге бастыра беруге бағытталған Коммунистік партияның саясатын жүзеге асырып келді.

Кәзіргі жағдайда совет кәсіподақтарының коммунизм мектебі ретіндегі, бұқараның жауынгер ұйымдастырушылары ретіндегі маңызы бұрынғыдан анағұрлым арта түсіп отыр. Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі совет кәсіподақтары мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыстағы өз ролін арттырады, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде, еңбекшілердің творчестволық күштерін социалистік өнеркәсіпті онан әрі өркендетуге, ауыл шаруашылығын және халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өрге бастыруға, коммунистік қоғам орнатудың ұлы ісіне жұмылдыруда партияға белсене көмек көрсетіп отырады деп, берік сенім білдіреді.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі кәсіподақтарды өнеркәсіпте, транспортта, машина-трактор станцияларында, совхоздарда социалистік жарысты тынбастан өрістетіп, еңбекшілердің инициативасы мен күш-жігерін өндірістік жоспарларды орындауға және асыра орындауға, социалистік экономиканың резервтерін барынша толық пайдалануға бағыттап отыруға шақырады. Кәсіподақтар еңбек өнімділігін арттыру және техниканы неғұрлым жақсы пайдалану үшін, өнімнің өзіндік құнын кемітіп, сапасын арттыру үшін өрістетіліп отырған бүкіл халықтық қозғалысты басқаруға, өндіріс озаттары мен рационализаторларының тәжірибесін барынша қолдап, таратып отыруға, артта қалушы кәсіпорындардың алдыңғылар дәрежесіне жетуіне көмектесуге, еңбек тәртібін онан әрі нығайтуға қажырлық жасап отыруға тиіс.

Совет адамдарының материалдық және мәдени әл-ауқатын арттыруға күнбе-күн қажырлық жасау кәсіподақтарының қасиетті міндеті болып табылады. Совет кәсіподақтары жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсартуда, тұрғын үйлер, мектептер, клубтар, ауруха-

налар, санаторийлер-демалыс үйлерін салу жөніндегі мемлекеттік жоспарлардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуде, сонымен қатар сауда, қоғамдық тамақтандыру және коммуналдық-тұрмыс мекемелерінің жұмысын едәуір жақсартуда көбірек қажырлық және инициатива көрсетіп отыруға тиіс. Жұмысшы аналарға ерекше қажырлық жасап, олардың еңбегі мен тұрмыс жағдайын жақсартуға көмектесу, мектептерге, балалар бақшаларына, яслилеріне, пионер лагерлеріне көбірек көңіл бөліп отыру қажет. Кәсіподақтар еңбекшілердің тілектері мен қажеттеріне немқұрайдылықпен жүрдім-бардым қараушылықтың қандай да болса көріністеріне қарсы анағұрлым батыл күрес жүргізуге, совет және шаруашылық мекемелері мен кәсіподақ органдары аппаратының жұмысын барынша жақсартып отыруды көздеуге міндетті.

Совет кәсіподақтары өздерінің еңбекшілермен байланысын үнемі ұлғайтып, тереңдетіп отыруға, өз жұмысында басшылық етудің кеңсешілдік-бюрократтық әдістерін жойып отыруға, барлық жұмысшылар мен қызметшілердің белсенділігі мен талаптылығын күшейтіп отыруға, кәсіподақтар мүшелерінің саяси және жалпы білім дәрежесін арттыруға тынбастан қажырлық жасап отыруға тиіс. Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі кәсіподақтарына, демократияны, сын мен өзара сынды кеңінен өрістетуге және кәсіподақтар мүшелерінің белсенділігін арттыру негізінде, өз жұмысындағы елеулі кемшіліктерді жояды, сөйтіп, өздерінің алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай орындау үшін барлық шараларды қолданады деп сенеді.

Совет кәсіподақтары бейбітшілік ісі жолындағы халықаралық жұмысшы қозғалысының бірлігін нығайту жолындағы күрескерлердің ерқанан да алдыңғы қатарында болып келді. Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі совет кәсіподақтарының пролетарлық интернационализм туын бұдан былай да жоғары ұстайтындығына, ерқанандағыдай, бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы барлық елдердегі еңбекшілердің халықаралық тілек-тестік ынтымағын нығайту жолындағы игілікті күрестің авангардында бола беретіндігіне күмәнданбайды.

Коммунизм мектебі — совет кәсіподақтары жасасын!

Совет Одағының даңқты жұмысшы табы мен халықтық интеллигенциясы жасасын!

Біздің ұлы социалистік Отанымыз жасасын!

**Совет Одағының Коммунистік партиясының
Орталық Комитеті,
ССРО Министрлер Советі.**

Мемлекеттік жаңа заем

Газетіміздің бүгінгі санында туысқан Совет Үкметінің ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемды шығару (1954 жылы шығуы) туралы қаулысы жарияланып отыр. Бұл заем 16 миллиард сом мөлшерінде, 20 жыл мер-

зінде, аяқталуына қалғанын қамтамасыз ету үшін, барлық халық тұтынатын товарлар шығаратын кәсіпорындарының өнімі 43 процент артты. Халық тұтынатын товарларды өндіру жөніндегі бесжылдық жоспары мерзімінен бұрын, быйылдың өзінде орындалғалы отыр.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ішкі саясаты бұдан былай да социалистік мемлекетіміздің қуаттылығын нығайту, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар одағын, ССРО халықтарының достығын онан әрі нығайта беру болып

Мемлекеттік жаңа заем совет мемлекетінің күш-қуатын онан сайын нығайтуға, социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өрістетуге, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдени-тұрмыс дәрежесін арттыра беруге, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің шаруашылық және мәдени құрылыс жоспарларын ойдағыдай жүзеге асыруға көмектеседі.

Облыс еңбекшілері, жаңа заемға ұйымшылдықпен тегіс жазылыңыздар!

ССРО Министрлер Советінде

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемын шығару туралы (1954 жылы шығарылған)

ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын жүзеге асыру жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін халықтың қаржысын қатыстыру мақсатымен ССРО Одағының Министрлер Советі ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемы (1954 жылы шығарылған) шығарылсын, оның сомасы 16 миллиард сом, мерзімі 20 жыл болсын.

2. Заемның облигациялары және олардың ұтыстары мемлекеттік және жергілікті салықтар мен алымдардан босатылсын.

3. ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемын (1954 жылы шығарылған) шығарудың ССРО Финанс министрлігі тапсырған шарттары бекітілсін.

ССРО Министрлер Советі 1954 жылғы 8 июньде бекіткен

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемын шығарудың (1954 жылы шығарылған) ШАРТТАРЫ

1. ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемы (1954 жылы шығарылған) 1954 жылғы 1 декабрьден 1974 жылғы 1 декабрьге дейінгі мерзімге шығарылады.

2. Заем тек халықтың арасында таратуға ғана арналған. Заемды тарату тәртібін ССРО Финанс министрлігі белгілейді.

3. Заем разрядтарға бөлінеді, әрбір разрядта 100 миллион сомнан болады.

Әрбір разрядта 20.000 серия болады. Әрбір разрядтың серияларында № 160001 ден № 180000-ға дейін номері болады.

Әрбір серияда облигациялардың № 01 ден № 50-ге дейін номері болады.

4. Заемның облигациялары 500, 200, 100, 50, 25 және 10 сомдық болып шығарылады.

500 және 200 сомдық облигациялардың өздері тиісінше бір серияның бес немесе екі жүз сомдық облигацияларынан құралады, бес немесе екі номері болады және бес немесе екі ұтыс алуға право береді. Бұл ұтыс облигацияда көрсетілген номерлердің әрқайсысына бір мезгілде шығады.

50, 25 және 10 сомдық облигациялар жүз сомдық облигациялардың бөлімшесі

есеппен жылына 3 процент есебінен белгіленген.

Заемның жылжырма жылдық мерзімі ішінде барлық облигациялардың 35 проценті ұтады, ал, облигациялардың қалған 65 процентіне өз құны төленеді.

Ұтыс шыққан облигация өтеледі де, содан былайғы тираждардан шығарылады.

Заемның ұтыс мөлшері жүз сомдық облигацияға, облигацияның өз құнын қоса есептегенде (жүз сом), 10.000, 5.000, 1.000, 500 және 200 сом болып белгіленеді.

6. Заемның жылжырма жылдық мерзімі ішінде жыл сайын екі тираждан — 40 ұтыс тиражы өткізіледі.

*Ұтыс тираждары 1955 жылдан бастап, ССРО Финанс министрлігі белгілеген мерзімдерде өткізіліп тұрады.

7. Әрбір ұтыс тиражында заемның әрбір разрядына, яғни әрбір 100 миллион сомына мынадай мөлшерде ұтыс шығады:

Облигацияның өз құнын қоса есептегенде, жүз сомдық облигацияға

200 сом	8189	327560
Ұтыстың жалпы саны	8.750	350.000

Ұтыстың жалпы сомасы (сом есебімен)	1.997.800	79.912000
-------------------------------------	-----------	-----------

8. Ұтыс тиражы облигацияларға 1959 жылғы 1 декабрьден бастап заем мерзімінің аяқталуына дейін қалған 15 жыл ішінде олардың өз құны төленеді (сатып алынады).

Заемның әрбір 100 миллион сомынан жыл сайын: 1959 — 1964 жылдары 1.000.000 сомнан, 1965—1969 жылдары 1.900.000 сомнан, 1970—1974 жылдары 9.900.000 сомнан сатып алынып тұрады.

1959 — 1973 жылдары сатып алынуға жататын заемның облигациялары жыл сайын өткізілетін өтеу тиражы арқылы белгіленеді. Өтеу тираждары өткізу мерзімдерін ССРО Финанс министрлігі белгілеп отырады.

Өтеу тираждарында шықпаған облигациялар 1974 жылғы 1 декабрьден бастап сатып алынады.

9. Ұтыс шыққан облигацияларға, есеп

Ойналатын ұтыстардың саны	Бір	Барлық
---------------------------	-----	--------

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің 1954 жылға арналған жаңа заемі кәсіпорындарында, мекемелерде, колхоздарда, совхоздарда, үй басқармаларында және басқа қоғам ұйымдарында халық арасында тартылады. Заемға жазылу ісі жұмысшылар арасында екі апталық еңбекақы, яғни 46,2 процент есебінен, қызметшілер және әскери қызметшілер арасында жартылайлық еңбекақы есебінен жүргізіледі. Бұл мөлшерден артық жазылуды қабылдауға тыйым салынады. Заем тарату науқанының барысында ерістілік принципі қатаң сақталады.

Біздің елімізде өткен жылдардағы сыяқты, Мемлекеттік жаңа заем шығаруының орасан зор саяси және шаруашылық маңызы бар. Мұны совет адамдары жақсы біледі. Кеше ССРО Министрлер Советінің жаңа заемды шығару жөніндегі қаулысын бүкіл совет адамдары сыяқты, облыс еңбекшілері зор қуанышпен естіп білді. Бұл жөнінде радио хабарын тыңдасымен-ақ олар ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемна ұйымдасқан түрде жасала бастады. Редакцияға облысымыздың кәсіпорындары мен мекемелерінен, колхоз совхоздарынан және басқа жерлерден келіп жатқан хаттар жұмысшылардың, қызметшілердің, колхозшы шаруалардың жаңа заемға белсене қатысу арқылы коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтасқандықтарын тағы да бір көрсетіп отырғанын хабарлайды.

Коммунистік партияның басшылығы арқасында совет халқы шаруашылық және мәдени құрылыста табыстан табысқа жетіп, коммунизмнің сәулетті шырғана қарай сеніммен алға басуда. Соғыстан кейінгі жылдарда біздің еліміздің экономикасының негіздерінің негізі болып табылатын ауыр индустрия бұрын соңды болып көрмеген дәрежеде өсті. 1953 жылы елімізде болат пен көмір 1940 жылға қарағанда екі есе артық өндірілді. Ал, машиналар мен құрал-жабдықтар 3,8 есе артық шығарылды. Көзір біздің ірі кәсіпорындарымыз революцияға дейінгі Россияның жыл бойы шығарған өнімін әрбір 9 күн сайын береді.

Ауыр өнеркәсіптің орасан зор табыстары жеңіл және тамақ өнеркәсібін шұғыл өркендету, таяудағы екі-үш жылда халық тұтынатын товарлардың молшылығын жасау жөніндегі міндетті жүзеге асыру үшін қажетті жағдайдың бәрін жасап отыр. Өткен жылы 1952 жылмен са-

халқымыздың күн санап өсіп отырған материалдық және мәдени қажетін барынша қанағаттандыруды өзінің жоғары заңы деп есептейді. Бұл заңның ойдағыдай жүзеге асырылуын әрбір совет адамы өзінің тұрмысынан күн сайын айқын көреді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдары еліміздің ауыл шаруашылығын өркендетудің, оның негізі — астық өндіруді ұлғайтудың зор программасын белгілеп берді. 1954—1955 жылдары Қазақстанның, Сибирьдің, Уралдың, Поволжьеңі және Солтүстік Кавказдың аудандарында 13 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен дәнді дақылдар егісін ұлғайтып, 1955 жылы бұл жерлерден 1,100—1,200 миллион пұт қосымша астық алу міндеті қойылып отыр.

Совет халқы тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндірісін ұлғайту күресіне белсене қатысуда. Партия мен үкметтің қалтқысыз көмегіне сүйене отырып, облыстың ауылшаруашылық қызметкерлері көктемгі егісті қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде өткізіп, мыңдаған гектар тың және тыңайған жерлерге дәнді дақылдар септі. Колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлері ауыл шаруашылығын өркендету жолында қажырлы еңбек етіп, елімізге астықты, етті, сүтті, майды басқа да ауылшаруашылық өнімдерін көптеп беруді өздерінің қасиетті борышы деп біледі.

Совет елі өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы саласында ғана емес, сонымен қатар, транспортты, советтік сауданы өркендетуде және ССРО-ның отан қорғау күшін нығайтуда орасан зор табыстарға ие болды. Соғыстан кейінгі жылдар советтік ғылым мен мәдениеттің онан әрі гүлденіп, даму жылдары болып келеді.

ССРО халық шаруашылығының үздіксіз алып адыммен өркендеуінің нәтижесінде жыл сайын өнеркәсіп және азық-түлік товарларының мемлекеттік бөшек сауда бағаларын кеміту саясаты жүзеге асырылып, жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы еңбекақысы, сондай-ақ, колхозшылардың табыстары барған сайын артауда. Бесінші бесжылдықтың алғашқы үш жылында жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы еңбекақысы 30 процент өсті. Осы сыяқты, колхозшы шаруалардың да заттай және ақшалай табысы барған сайын артауда.

жылға арналған Мемлекеттік бюджетінен айқын көрініп отырғаны мәлім. Еліміздің халық шаруашылығы мен мәдениетін өркендету мақсатына қажетті қаржы негізінен мемлекеттік бюджеттен жұмсалды.

Сонымен қатар, еліміздің халық шаруашылығын өркендету ісіне өздерінің жеке қаржысымен қатысу совет адамдарының әдетіне арналды. Міне, сондықтан да, совет халқы өткен жылдардағы сыяқты, быйыл да заемға зор белсенділікпен жазылуда. Советтік заем — шын мәніндегі халықтық заем, ол еңбекшілердің мүддесіне, елімізді онан әрі өркендету мүддесіне жұмсалды.

Партия, совет және кәсіподақ ұйымдары, шаруашылық орындарының басшылары мен финанс органдары еңбекшілердің саяси зор белсенділігін қолдай отырып, заемға жазу жұмысын тыңғылықты ұйымдастыруға міндетті. Заем тарату жұмысы кәсіпорындарында, колхоздар мен совхоздарда және басқа учасқоткерге бұқаралық-саяси жұмысын тыңғылықты өрістетуді қажет етеді. Үгітшілер мен насихатшылар бұл күндері еңбекшілер бұқарасына Мемлекеттік заемның маңызын, оның қайда жұмсалатынын терең түсіндіруге тиіс. Сонымен қатар, көпшілік орындарында жаңа заемға арналған көрнекі үгітті кеңінен ұйымдастыру қажет.

Заем тарату жөніндегі қолқабыс комиссияларының, селолық Советтер өкілдерінің құрамын қолынан іс келетін, бұқара арасында беделді адамдар есебінен толықтырудың және олардың жұмысына күнбе-күн бақылау жасап, көмек көрсетудің зор маңызы бар. Өйткені, еңбекшілерді заемға жазу жұмысы жоғарыда айтылған адамдардың іскерлігіне көп байланысты. Заем тарату кезіндегі ұйымдастыру және саяси жұмыстың бәрі кәсіргі шаруашылық науқандармен ұштастырыла жүргізіліп, жұмысшылар мен колхозшылардың еңбекте жаңа табыстарға жетуіне бағытталуы керек.

Колхозшы шаруалар мен колхозшы әйелдер, жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, совет интеллигенттері Отанымыздың онан әрі өркендеуі үшін, еліміздің бейбіт өмірімен хауіпсіздігін онан әрі нығайту үшін Мемлекеттік заемға ұйымшылдықпен жазылайық!

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің және совет халқының мызғымас бірлігі мәңгі жасай берсін!

ЖАҢАДАН КЕЛГЕНДЕРДІ МӘДЕНИЕТТІ ҚАМТУ

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Қарағанды облыстық филармония тың және тыңайған жерлерді игеруге келген ауыл шаруашылығының еңбекшілерін мәдениетті қамту үшін бес концерт бригадасын ұйымдастырды. Олар быйыл 300-ге жуық концерт береді. Қарағанды облыстық қазақ драма театрының артистері село еңбекшілеріне ойын көрсетеді. Репертуарында «Аршын мал алан», «Гүлден, дала», «Қозы Көрпеш және Баян Сұлу» және басқалары бар.

зорын табылады, бұлар жүз сомдық облигацияға шығару ұтыстың тиісті үлесін алуға право береді.

5. Заемның облигацияларынан түсетін барлық табыс ұтыс түрінде төленеді.

Ұтыстың жалпы сомасы заемның жыйырма жылдық мерзімінің ішінде орта

шығатын ұтыс тардың мөлшері	тиражда 140 тиражда	тиражда 140 тиражда
10.000 сом	1	40
5.000 сом	10	400
1.000 сом	50	200
500 сом	500	20000

ССРО Финанс Министрі А. ЗВЕРЕВ.

МЕХАНИЗАТОРЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Кеше Асанов МТС-інің жөндеу мастерскойында жұмыс істейтін токарлар мен слесарьлар, комбайншылар және басқа механизаторлар ССРО Министрлер Советінің халық шаруашылығын өркендетудің жаңа, 1954 жылға арналған заемын шығару жөніндегі қаулысын асқан зор қуанышпен қарсы алды.

Шнайдер қарт жалынды сөз сөйлеп, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің аталық қамқорлығына шексіз алғыс айтты, механизаторларды жаңа заемға бірікпей жазылуға шақырды. Алғашқы 30 минутта жөндеу мастерскойындағы жұмысшылар заемға түгел жазылып болды.

Зор сүйіспеншілік

Қаладағы шойын құю-таразы заводының коллективі ССРО-ның халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемын шығару туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысын радио арқылы зор өндірістік өрлеу үстінде тыңдады. Олар заводтың механикалық цехының кең залына жыйналып, халық шаруашылығын өркендетудің жаңа заемы туралы Үкмет хабарын ұлы партияға және Отанға деген зор сүйіспеншілік рухында қарсы алды.

Радио арқылы берілген үкмет хабарын тыңдап болғаннан кейін завод жұмысшылары жаңа заемның шығарылуына байланысты өздерінің патриоттық сезімдерін білдіріп, сөз сөйледі.

Мінбеге бірінші болып механикалық цехтың жұмысшысы Кузнецов жолдас шықты.

—Біздің заемдарымыз сүйікті Отанымыздың экономикалық күш-қуатын нығайтуға, совет еңбекшілерінің материалдық және мәдени дәрежесінің көркеюін жұмсады,— деді ол. —Мен жаңа заемға зор ынтымақпен қатысып отырып, еңбек өнімділігін арттыруға, күнделік тапсырманы 150 процент орындауға серт беремін.

Онан соң сөз алып сөйлеген ұста Леонтьев жолдас жаңа заемға жазылу әрбір совет азаматының қасиетті борышы екенін айта келіп былай деді:

—Елімізде тұтыну заттарының бағасы быйыл жетінші рет арзандады. Сол сыяқты, біздің өз табысымыз да күннен-күнге өсіп келеді. Мұның бәрі туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметінің еңбекшілердің әл-ауқатының жоғары дәрежеде болуы үшін жасап отырған қамқорлығының айқын сыйпаттамасы. Сондықтан да жаңа заемға жазылу мен үшін зор бақыт.

—Совет заемы — бейбітшілік заемы. Ол Отанымыздың экономикалық күш-қуатының нығайтуына көмектесумен қатар дүние жүзінде бейбітшілік ісін сақтауға қосылған зор үлес болып табылады. Мен жаңа заем шығару жөніндегі Үкмет қаулысын шын жүректен қарсы аламын. Бұған өз нормамды 170 процент орындаумен жауап беремін,— деді заводтың жұмысшысы Морозова жолдас.

Мұнан соң шығып сөйлеген жолдастар да Үкмет қаулысын қызу қуаттады. Жаңа заемға жазылу бұл заводта зор ұйымшылдықпен өтуде.



ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемның (1954 жылы шығарылуы) 100 сомдық облигациясының үлгісі. (СОТА-ның фотохроникасы).

Қазақ ССР Министрлер Советі жанынан Мемлекеттік хауіпсіздік комитетін құру туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1954 жылғы 13 марттағы «ССРО Министрлер Советі жанынан Мемлекеттік хауіпсіздік комитетін құру туралы» Указына сәйкес, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

Қазақ ССР Министрлер Советі жанынан Мемлекеттік хауіпсіздік комитеті құрылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ОҢДАСЫНОВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы,
8 июнь, 1954 жыл.

Оның Орталық Комитетінің секретары **М. А. Суслев** жолдасқа сөз берді. Оны залдағылар жылы жүзбен қарсы алды. Ол Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР Одағы Министрлер Советінің съезге арнаған құттықтауын жариялады. Коммунизм мектебі — совет кәсіподақтарының құрметіне, Совет Одағының дақты жұмысшы табы мен халық интеллигенциясының құрметіне, ұлы социалистік Отанымыздың құрметіне арналған ұрандарға қатысушылар қызу оқиымен, орындарынан тұрып жауап берді.

Будан кейін съезд бірінші мәселені талқылауға кірісті. Баяндама жасау үшін КБОО председателі **Н. М. Шверник** жолдасқа сөз берді. Оны делегаттар мен қонақтар жылы жүзбен қарсы алды.

— Коммунистік партияның басшылығымен, — деді ол, — совет кәсіподақтары жұмысшылар мен қызметшілердің қалың бұқарасын халық шаруашылығының жоспарларын орындау және асыра орындау, ауыл шаруашылығының барлық салаларын және халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өркендетудің аса маңызды міндеттерін жүзеге асыру күресіне жұмылдыру жөнінде едәуір жұмыстар істеді.

Коммунистік партия құрған және тәрбиелеген ССРО кәсіподақтары социалистік экономиканы үздіксіз өркендету үшін күресе отырып, өз қатарларын нығайтты, біздің елімізді **В. И. Ленин** және **Лениннің** ісін аға апарушы ұлы **И. В. Сталин** белгілен берген жолмен сеніммен аға бастаушы партия мен үкметтің төңірегінде жұмысшылар мен қызметшілерді онан сайын тығыз топтастырды.

Шверник жолдас Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің құттықтауын съезд делегаттары зор қанағаттанғандықпен, шекеіз қуаныш және аса зор жауапкершілік сезіммен тыңдағандығын айтты.

— Съездің атынан, — деп мәлімдеді **Н. М. Шверник** делегаттар мен қонақтардың ду қолшанақтауы үстінде, — біздің партияның Орталық Комитетін, біздің үкметімізді совет кәсіподақтары жұмысшылар мен қызметшілерді Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі шешу жолында қажымай- талмай жұмыс істеп отырған барлық міндеттерді жүзеге асыру үшін жаңа еңбек өрлеуін тудыруға жұмылдырады деп сендіруге рұқсат етіңіздер.

Будан кейін баяндаманы Совет Одағы еңбекшілерінің социалистік құрылыста ең болған табыстары туралы айтты. Ол совет халқының Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі белгілеген программаны ойдағыдай жүзеге асырып жатқандығын дәлелдейтін мәліметтер келтірді. Социалистік өнеркәсіп ең жоғары өркендеген капиталистік елдердің өзі арман ете алмайтын қарқынмен өркендеп отыр. Өткен жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1950 жылғымен салыстырғанда 45 процент артты. Совет кәсіпорындарында өнім шығару үздіксіз артуда, оның сапасы жақсарып, өзіндік құны кемуде. Партиямыз бен үкметіміздің

данылады. Егер бүкіл өнеркәсіпте жұмысшылардың еңбек өнімділігі 1948 жылдың өзінде соғыстан бұрынғы дәрежеге жетіп, асып түспен болса, ал, көмір өнеркәсібінде ол дәрежеге 1950 жылы ғана қол жетті, жекелеген шахталарда еңбек өнімділігі әлі күнге дейін соғысқа дейін дәрежеге жеткен жоқ.

Кәсіподақтар және ең адаммен КБОО бұқараның өсіп отырған творчестволық белсенділігін басқарудың орнына, соңғы жылдары социалистік жарысқа басшылықты әлсіретіп алды, ал, өндіріс жаңашылдарының тәжірибесін таратуды өзінің өндірістік- бұқаралық жұмысындағы басты мәселе ете алмай отыр.

Социалистік жарыс — бұл жаңды, творчестволық іс. Ол формальділікке төзбейді. Солай бола тұрса да, көптеген кәсіпорындарда кәсіподақ ұйымдары жарысты өрістету жөніндегі ұйымдастыру жұмысымен айналысудың орнына, көп реттерде түрлі мәліметтер, анықтамалар мен есептер жасаумен, жарысушылардың есебі жөніндегі көптеген үгілгер мен бланктер дайындаумен шұғылданады. Жарыстың қорытындысын шығарғанда КБОО, кәсіподақтардың Орталық Комитеттері және министрліктер тек қана озат кәсіпорындарын есе алып, фабрикалар мен заводтардың, МТС-тер мен совхоздардың артта қалушылық есебтерін зерттемеді. Артта қалған кәсіпорындарын озаттар қатарына жеткізудің нақтылы шараларын белгілемеді.

Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерінің творчестволық инициативасын онан әрі дамытудың маңызды құралы өндірістік кешестер болып табылады. Бұл кешестер көптеген кәсіпорындарында бұқараға коммунистік тәрбие берудің шын мәніндегі мектебі болып алды.

Баяндаманы кәсіподақтардың ауыл шаруашылығын өркендету күресіне қатысуына тоқталды. Кәсіподақ ұйымдары жаңа жерлер игерілетін аудандардағы машина-трактор станциялары мен совхоздардың қызметкерлерін мәдени қамту жөнінде үлкен шараларды жүзеге асырды. Олар барлық ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру, мал басын онан әрі өсіру, оның өнімділігін арттыру, тракторларды, комбайндарды және басқа ауылшаруашылық машиналарын толық пайдалану жолында социалистік жарыс ұйымдастырды.

СОКН Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдары селолық мәдени-ағарту мекемелері жұмысының дәрежесін көтеру, клубтар мен кітапханалардың жұмысын жолға қою, кинофильмдерді үнемі көрсетіп тұру, селоларды радиоландыруды күшейту міндетін қойды. Әрбір машина-трактор станциясында, әрбір совхозда қызыл мүйіз пен жылжымалы кітапхана ашылуына жетісу керек.

МТС-тер мен совхоздардағы еңбекті ұйымдастыруда, жоғары индустриалық мәдениетті енгізуде, өнеркәсіп орындарының коллективтері зор қамқорлық көмек көрсете алады.

Халық игілігі үшін қамқорлық жасау, деді Шверник жолдас, партиямыз бен үк-

Председательдік етуші **Н. М. Шверник** жолдас Көмір өнеркәсібі жұмысшыларының кәсіподағы Орталық Комитетінің председателі **И. Я. Россочинскийге** сөз берді.

Съезге қатысушылар, деді ол, Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің құттықтауын үлкен толқушылық сезіммен қарсы алды. Бұл құттықтауда кәсіподақтардың жұмысын онан әрі жақсартудың және жетілдіре берудің міндеттері мейлінше айқын белгіленген.

Шешен партия мен үкметіміздің күнбе-күнгі қамқорлығының нәтижесінде көмір шахталарындағы жұмыстың жағдайы күрт өзгерді деді. Көмір өндіруді жоғары механикаландыру кеншілердің еңбегін едәуір жеңілдетті.

Өндірістің қиындап ұйымдастыру негізінде көмір өнеркәсібінің жұмысын даята құру міндеттерін жүзеге асыра отырып, көптеген шахталардың коллективтері мемлекеттік жоспарды үнемі артық орындайды, жоғары еңбек өнімділігіне жетісті және арзан көмір береді. Алайда, көмір өнеркәсібінде әлі де болса ірі кемшіліктер бар: көптеген резервтер пайдаланылмай келеді, еңбек өнімділігі баяу артуда.

Кәсіподақтардың украин республикалық Советінің председателі **К. Ф. Москалец** республикада социалистік жарыстың жаппай өрістеуі туралы айтты.

Красный Лиман станциясы депосының паровоз машинисі **Г. С. Шумилов** жаңашылдардың бастамалары және оларды тарату туралы айтты.

Бірақ, кейде жаңашылдардың тәжірибесін таратуда кедергіліктер де кездеседі. Социалистік жарысқа басшылық жасауға, еңбекті бағалауға формализм кедергі жасайды. Жол қатынасы министрлігі, темір жол транспорты жұмысшылары кәсіподағының Орталық Комитеті және КБОО бұл кемшіліктерді жою жөнінде ешнәрсені істеген жоқ.

Қара металлургия жұмысшылары кәсіподағы Орталық Комитетінің председателі **П. Т. Ефановқа** сөз берді. Ол өнеркәсіптің бұл маңызды саласындағы кәсіпорындар коллективтерінің еңбектегі табыстары туралы айтты.

Ефанов жолдас жұмысшылар мен қызметшілерді мәдени-тұрмыстық қамтудағы елеулі кемшіліктерді атап көрсетті. Мінбеде кәсіподақтардың Ленинград облыстық Советінің председателі **Н. Н. Шеницын**, Ленинградтың еңбекшілері, деді ол, ССРО кәсіпшілер одақтарының XI съезін жаңа табыстармен қарсы алды. Қаланың фабрикалары мен заводтарында кәсіпшілер өзінде бұрын қажетінше пайдаланылмай келген ондаған мың шаршы метр өндірістік алаңдар босатылды, мұның өзі өнімді едәуір артық шығаруға мүмкіншілік берді.

Шеницын жолдас КБОО-тың атына сын пікірлер айтты.

Социалистік Еңбек Ері, Сталин облысындағы Старо-Бешев МТС-і трактор бригадасының бригадирі **П. Н. Ангелина** сөз сөйледі.

Ангелина жолдас Старо-Бешев МТС-

өсу өнеркәсіпшілерінің өздеріне қарасты кәсіпорындарында еңбек жағдайын жақсартуға қажетті көңіл бөлмегені үшін, кәсіподақ ұйымдарымен нашар байланыс жасайтыны үшін КБОО-ты сынады.

Съезд делегаттары мен қонақтар Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Федерациясының бас секретары **Луи Сайянды** ду қолшанақтаумен қарсы алды. Ол Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Федерациясына біржылдан 80 миллионнан аса еңбекшілердің атынан съезд делегаттарына және Совет Одағының барлық еңбекшілеріне жалпылы туысқандық сәлем жолдап, съездің жемісті жұмыс істеуіне тілектестік білдірді.

Луи Сайян капиталистік, отар және тәуелсіз елдер еңбекшілерінің өз ираволары жолындағы, бейбітшілік және халықтар арасындағы достық жолындағы қажырлы күресі туралы айтты. Ол социалистік экономиканы шұғыл өркендетуге, өзінің тұрмыс жағдайын жақсартуға жетіскен совет халқының табыстары туралы айтты. Совет кәсіподақтары ұлы дүниежүзілік кәсіподақтарды жұмысшылардың бірлігін кеңінен және нығайту ісіне жігерлендіреді.

Залға Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Федерациясының Туы әжелінді. Бәрі де орындарынан тұрды. Узакқа созылған қолшанақтаулар.

Луи Сайян Туды съездің президиумына тапсырып, ол Тудың жұмысшылардың мызғымас халықаралық ынтымақтастығының нышаны болып табылатынын және бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің ұлы Совет Одағының халықтарына туысқандық сөзімін білдіретінін айтты.

КБОО председателі **Н. М. Шверник** өзінің жауапты сөзінде XI съезі делегаттарының атынан жылы шыраймен құттықтағаны үшін Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Федерациясына алғыс айтты.

— Біз бұл Туды, — деді, Шверник жолдас делегаттар мен қонақтардың қызу қолшанақтауы үстіне, — жұмысшы табының бірлігі жолындағы күрестің нышаны ретінде қарсы аламыз. Егер пролетарлық интернационализм туына адал совет кәсіподақтары халықаралық жұмысшы қозғалысының бірлігін нығайту, халықтар арасындағы достықты нығайту, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін күресушілердің ерқашанда алдыңғы сапында болды және бола береді десем съездің барлық делегаттарының, барлық кәсіподақ мүшелерінің пікірін білдірген боламын.

Сол сияқты, таңертеңгі мәжілісте көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсібінің жұмысшылары кәсіподағы Орталық Комитетінің председателі **П. Н. Коробова**, ауыл шаруашылығы және дайындау қызметкерлері мен қызметшілері кәсіподағы Орталық Комитетінің председателі **С. В. Егураздов**, Қазақ ССР бастауын және орта мектеп қызметкерлері кәсіподағы Орталық Комитетінің председателі **Б. Белтірікова** сөз сөйледі.

Осымен съездің таңертеңгі мәжілісі аяқталды.

де бағалы ұсыныстар жасады.

— Совет мемлекеті бізге, теміржолшыларға, — деді темір жол бөлімшесі саясаттық бөлімінің бастығы Кочемировский жолдас, — пәтер үй құрылысы үшін қаржыны көптеп беруде. Соңғы жылдары темір жол торабы бойында көптеген қоғамдық үйлер, теміржолшылар үшін жүз деген пәтер үйлер салынды. Егер қалалық Совет атқомі құрылыс жұмыстарының барысына қажетті басшылық және бақылау жасап отырса, біздің табыстарымыз мұнан да зор болар еді.

Өткен жылы қалалық Советтің сессиясында құрылыс және қаланы көркейту жөнінде арнаулы мәселе талқыланып, нақтылы шаралар белгіленді. Бірақ, қалалық Совет атқомі сессияның қарарын орындау жолына депутаттар мен активтерді жұмылдыра алмады. Осының салдарынан қаланы көркейту жөніндегі шаралардың біркатары жүзеге асырылмай, қағаз жүзінде қалып қойды.

Соңғы екі комбайн жөнделуде

Тоқшын совхозы тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен быыл егіс көлемін анағұрлым ұлғайтты. Көктемгі егіс агротехникалық қолайлы мерзімде, жоғары сапада өткізілді. Кәзір егін жаппай көктеп, біркелкі өсуде.

Совхозда егінді оруға комбайндарды әзірлеу ісі де быыл жылдағыдан ерте қолға алынды. Комбайн жөндеуші механик заторларға күндік, бескүндік тапсырмалары жеткізіліп, ол тапсырмалардың толық орындалуына жағдайлар жасалды. Жөндеушілердің өзара социалистік жарысында, әсіресе, комбайншы Дмитрий Пудовкин жолдас басқарған бригада алда келеді. Бұл бригада мүшесірі жұмыс уақытынан өнімді пайдалана отырып, күндік және бескүндік тапсырмаларын бригада бойынша үнемі асыра орындап келеді. Ал, комбайншы Д. Валдер жолдас сияқты жекелеген озат жөндеушілер өздерінің еменалық тапсырмаларын

Жемшөптің берік базасын жасайды

Полудень ауданындағы «Путь Ильича» колхозының товарлы сүт фермасының мүшелері жыл басынан мал өсіруде, оның өнімділігін арттыруда елеулі табыстарға ие болып келеді. Мұнда өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда әрбір сауын сыйырдан алынатын сүт мөлшері екі есе көбейді. Төлдердің тәуелсіздік өсу салмағы да едәуір артты. Барлық аналық малдар жазғы жайылымдарға жақсы қонымен шығарылды. Сауыншылар Евдокия Нигалева, Марта Люфт, бақташы Хрестьян Беккер, төл күтуші Серафим Беликова және басқалары өз жұмыстарына ұқыптылықпен қарайды.

Колхозшылар үкметіміз бен партиямыздың «1954 жылы колхоздар мен совхоздарда жемшөп дайындауды өткізу туралы» қаулысын жүзеге асыруда, қоғамдық малға жемшөптің берік қорын жасау үшін қызу кірісуде. Олар 700 гектарлық алаңға мал азығындық дақылдар екті.

Совет атқомінде мектеп құрылысы жөніндегі мәселелер өзінің шешуін таппай қойды.

Мұнан кейін сөз сөйлеген депутаттар Новосельцев, Горинова, қалалық партия комитетінің секретары Кузнецов жолдас-тар өздерінің сөздерін денсаулық сақтау орындарының, мектеп жөніндегі тұрақты комиссияның жұмысын жақсарту, қалалық Совет атқомінің құрылыс жұмыстарына басшылығын жақсарту мәселелеріне арнады.

Сессия күні тәртібіндегі талқыланған мәселе бойынша нақтылы шаралар белгіленіп, қаулы алды.

Сонымен қатар, сессия ұйымдастыру мәселелерін қарады. М. Савин жолдас еңбекшілер депутаттары қалалық Совет атқомі председателінің міндетінен босатылды. Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет атқомінің председателі болып **М. В. Вотякин** жолдас сайланды.

біржарым есе, кейде одан да артық орындап жүр.

Механизаторлардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде совхозда 10 комбайн сапалы жөнделді. Кәзір ең соңғы екі комбайн жөнделіп жатыр. Жөндеушілер бұл комбайндарды жөндеуді 10 июнге дейін толық аяқтау мақсатымен еңбек өнімділігін арттыра түсуде.

Сол сияқты, совхоздың барлық фермаларында астық тазартатын машиналарды жөндеп, жұмысқа әзірлеу ісі де қызу қолға алынған. Ол машиналарды жөндеуге керекті қосалқы бөлшектермен материалдар толық жеткілікті. Жөндеу жұмыстары ферма меңгерушілерінің күнбе-күнгі тікелей басшылығымен жүргізіледі. Сондай-ақ жабық қырымдар жасауға керекті құрылыс материалдарын дайындау жұмыстары да ойдағыдай жүргізіліп келеді.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

Мұның ішінде 265 гектар көпжылдық, 40 гектар могоар, 20 гектар суданжа шөптері мен 40 гектарға жуық тамыржемісті өсімдіктер бар. Сүрленетін мал азығы үшін құнбағыс және жүгері егістері шаршы-ұялы әдіспен егілді.

Кәзір колхозшылар өздерінің барлық назарын шөп шабуға дайындықты тез аяқтауға аударуда. Шөп шабуға қажетті ауылшаруашылық құрал-саймандары кәзірдің өзінде толық жөндеуден өткізілді. Арнаулы пішеншілер бригадалары ұйымдастырылды. Олар жақын арада шөп шабуға кірісетін болады.

Колхоз малшылары партиямыз бен үкметіміздің қаулысын талқылай отырып, қоғамдық мал үшін мал азығының берік базасын жасауға және әрбір сауын сыйырдан 2 мың литрден сүт саууға міндеттенді. Бұл міндеттеме сөзсіз орындалады.

Р. ҚАЛИЕВ.

ССРО-ның Мемлекеттік заемы

Бүгін ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемын (1954 жылғы шығарылған) шығару туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысы жарияланған отыр. Бұл заем совет мемлекетінің күш-қуатын онан сайын нығайтуға, еңбекшілердің материалдық және мәдениет дәрежесін арттыруға, сол сияқты еліміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуге көмектеседі.

Туысқан Коммунистік партия мен Совет үкметі басқарған біздің еліміз бейбіт шаруашылық және мәдениет құрылысында аса зор көрнекті табыстарға ие болып келеді. Бұған 1953 жылғы өнеркәсіп өнімдерінің одан бұрынғы жылмен салыстырғанда 12 процент өсуі, ауылшаруашылық ишкі заттарын өндіру ісінің арттырылуы нәтижесінде көпшілік тұтынатын заттардың еселенген дәрежеде көптеп шығарылуы толық мысал бола алады. Тек қана 1953 жылдың өзінде біздің елімізде халық көптеп тұтынатын товарлар шығаратын 300-ден астам жаңа кәсіпорындары жұмысқа қосылды. Сол сияқты халыққа сатылған товар өткен жылдардағыдан әлде қайда көп болды. Ал, бесінші бесжылдықта ССРО-ның ұлттық табысы 60 процент көбейді. Халықтан алынатын ауыл шаруашылығы және басқа салықтар да азайтылды. Мұның бәрі Коммунистік партия мен Совет үкметінің еңбекшілердің материалдық және мәдени дәрежесін арттыруды өзіндік басты міндетінің бірі етіп қойып отырғандығының айқын дәлелі.

Коммунистік партия мен Совет үкметі өз жұмыстарында халықтың түбірлі мүдделерін негізгі басшылыққа ала отырып, социалистік қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени қажеттерінің мүмкіндігінше толық өтелуін қамтамасыз етіп отыр. Бұған Совет Одағының мемлекеттік бюджеті — бейбітшілік бюджеті айқын мысал бола алады. Мәселен, 1954 жылғы мемлекеттік бюджетте халық шаруашылығы қажеті үшін 326 миллиард 709 миллион сом, яғни өткен жылға қарағанда 19,8 процент, ал, 1950 жылғымен салыстырғанда 57 процент артық бөлініп отыр. Ал, мәдениет және халық-ағарту жұмыстары үшін 67.172.844 мың сом жұмсалмақ.

1954 жылға арналған мемлекеттік бюджеттегі кіріс еліміздің бүкіл халық шаруашылығының өркендеуі, еңбек өнімділігінің барған сайын артуы, шығарылатын өнімнің өзіндік құнының үнемі кеміп отыруы және ишкі заттардың жоспарлы түрде жұмсалып отырылуына түседі. Сонымен қатар, ССРО мемлекеттік бюджетіндегі кірістердің қосымша көздерінің бірі, мемлекеттік заемдарды таратудан түсетін қаржы болып табылады.

Совет заемдары шаруашылық және мәдениет құрылысының жоспарларын орындауға, мемлекетіміздің қуаттылығын арттыруға және қорғаныс-қорғаныс қабілеттілігін күшейтуге көмектеседі. Сөйтіп, совет халықтарының мемлекетке заемға берген қаржысы біздің елімізде еңбекшілердің мүдделі ігілігі үшін жұмсалатын қорғауға қажетті.

ұтыс тираждары бойынша 3.959 мың сом ұтыс төленді.

Советтік заемдар — шын мәнісінде халықтық заемдар болып табылады. Өйткені, бұл заемдардан түсетін қаржы совет еңбекшілерінің тек қана өз мүдделері үшін, яғни еліміздің экономикасын, ғылымы мен мәдениетін және қорғаныс-қорғаныс қабілетін онан әрі дамыту үшін пайдаланылады.

Капиталистік елдерде шығарылатын заемдардың көздейтін мақсаты бұған мүлде қарама-қарсы. Ол елдерде заемнан түсетін қаржылар жаңа басқыншылық соғысқа дайындалу, қару-жарақ шығару және еңбекшілердің өздерін қанайтын қанаушы таптың мемлекеттік аппаратын қаржыландыруға жұмсалады. Ал, бұл заемдардың түсер көзі еңбекшілер табысынан болады. Сондықтан да капиталистік елдердегі заемдар ол елдердегі еңбекшілерді қайыршылыққа, ашаршылыққа, жоқшылыққа душар етудің құралы болып табылады.

Біздің елімізде заемға жазылу жыл сайын халқымыздың туысқан Коммунистік партия мен Совет үкметіне шексіз берілген шын сүйіспеншілігінің айқын демонстрациясы болып табылады.


ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемы (1954 жылғы шығуы) барлық ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі — астық шаруашылығын шұғыл арттыру жолында бүкіл еліміз еңбекшілерінің қызу еңбек ету жағдайында шығарылып отыр. Пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерді игеру — бүкілхалықтық міндет болып отырған кәсіргі кезеңде жаңа заемның бұл игілікті міндеттерді орындауда атқаратын ролі де ерекше.

Бұдан бұрынғы шығарылған заемдар сияқты, жаңадан шығарылған заем да — ұтыс заемы. Заемнан түсетін барлық кіріс ұтыс түрінде төленеді. Ұтыс төлемінің жалпы сомасы 20 жыл мерзім ішінде, орта есеппен жылына заемның 3 проценті мөлшерінде болады.

Жаңа заемның облигациялары 500, 200, 100, 50, 25 және 10 сомдық болып шығарылады. Олардың ұтыс мөлшері 100 сомдық облигацияға, оның өз құнын қоса есептегенде 10.000, 5000, 1000, 500 және 200 сом болып белгіленген.

1955 жылдан бастап жаңа заем бойынша жыл сайын 2 ұтыс тиражы өткізіледі. Яғни, заемның бүкіл мерзімі ішінде 40 ұтыс тиражы болады.

Мемлекеттік жаңа заемға жазылу тәртібі еріктілік принципінің міндетті түрде сақтау негізінде бұқаралық түсінік жұмысы әдісімен жүргізіледі. Заемға жазылу кезінде ықтырлық принципінің бұзылмай қандай да болса талап қоюға қатаң тыйым салынады. Заемға жазылу ісі еңбекшілер арасында екі апталық жалақының есебінен жүргізіледі. Әрбір жазылушы көрсетілген мөлшерде қалаған сомасына жазыла алады. Бірақ, кәсіпорындарының, мекемелердің, финан орындарының жұмысшылардан екі апталық еңбекақы мөлшерінен артық жазылуы қажетті.



Петропавл шойын құю-таразы заводның жұмысшысы Михаил Чекунов алюминий ыдыстарын жасауда сменалық нормасын үнемі екіжарым еседен орындайды.

СУРЕТТЕ: Михаил Чекунов үш литрлік бидондарды дайындау үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Болашақ механизаторлар

Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозының жастары А. Жұнысов, Е. Барқытов, Е. Ақановтың тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде партияның шағыруына қызу үн қосып, өздерін колхоз басқармасынан тракторшылар курсына жіберуді тілек етті. Колхоз басқармасы олардың бұл тілегін қанағаттандырды. Қазір олар Прешив ауданындағы Надежда ауылшаруашылық мектебі жанындағы тракторшылар курсына оқып жүр.

Сол сияқты О. Мырзатаев және Ж. Мағмадов өздерінің тілегі бойынша Токшындағы комбайншылар даярлайтын курсқа оқуға жіберілді.

Колхоз жастары ауыл шаруашылығы техникасының тетігін меңгеріп, туған колхоздарының егін далаларында қажырлы еңбек етуге жетісу үшін бар ынта-жігерімен оқып жүр.

А. САДЫҚОВ.

Оқушылар әкекурсиясы

Қаланың Герцен атындағы № 6 орта мектебінің бірешпыра кластарында оқу аяқталды. Оқушылардың жазғы демалысты рәңілді өткізуі үшін мектепте едәуір шаралар белгіленді.

Таяуда біртон оқушылар әкекурсияға барды. Олар колхоздарда, егіс бригадаларында болып, колхоз өмірімен, ауылшаруашылығының механизация күштерімен, картоп пен овоцтыты шаршы-ұялап отырғызу әдістерімен танысты.

Оқушыларды әкекурсияға бастап алып барған математика пәнінің мұғалімі Ж. Богданович, биологиядан сабақ беруші А. Вол-

Сафуан Шай мерденов

ДАЛА „СЫРАСЫ“

О ЧЕРК

Еңбек сүйгіш халқымен, астығымен даңқы шыққан кең де бай Кубанда картадан үнемі атаусыз қалар Тбилискяя дейтін белгісіз бір станица бар. Быйылғы кеш келген тың көктемнің тым ерте бір шағында сол кішкене станицадан аудандық комсомол комитетіне үш қыйықты бір хат келіп түсті. Сяя қарынданшеп батыра тартылған көк сызықтың астында «Тбилис МТС, № 19 трактор бригадасынан» деген анықтама тұр. Арыз иесі де жеке бір адам емес, сол № 19 трактор бригадасының өзі болып шықты.

«Бізді Қазақстанға жіберулеріңізді сұраймыз. Қайда жүресек те мұндағы аброй-даңқымызға дақ шалдырмаймыз.

№ 19 трактор бригадасы» — делінген ол хатта. Содан кейін жеті адамның қолы қойылған:

- Бригадир Н. П. Павленко.
- Бригадирдің көмекшісі И. А. Семенец.
- Комсорг Ю. М. Кудактин.
- Тракторшылар: В. В. Шуманович, Н. И. Лагутин, И. В. Примаков, В. С. Мяснищев.

Тілек қабыл алынды. № 19 трактор бригадасы қарауындағы бар техниканы МТС-ке өткізді. Өзінің үлкен семьясындағы үйлі-барандысы мен бойдақтарын, бала-шағаларын алып, алыс сапарға аттанды.

Осы семьяның кенже келіні болғалы жүрген краснодарлық кішкене Люба заводтан екі жүнге ружкат алып келді. Бұларды екі-үш станица бойына шығарып салды. Айтар сөз таусылып, жас қыз сыры семьяға белгілі болса да, Люба Виктор Шумановичті оңашалап тамборга алып шыға берді. Ең әуелі көк көздерін Викторға соңшалықты ерке де нәзік қарап сәл тұрды. Содан кейін оның оңсыз да биік өкнесі көтеріле берді. Ұзын жігіттің мойнынан айқасқан ақ білектер Виктордың басын төмен еңкейтті. Ыстық ерінге ыстық ерін басылды.

—Күт. Кешікпей мен де барамын, — болды Любаның оны оңашалап алғанда бар айтқан сөзі.

Бұл семьяның ең үлкені Илья Артемович Семенец пен оның жұбайы арасында да бір телеграмма қолдан қолға жүгіріп жүр.

—Бере тұршы, өзім оқыпайн, — дейді кексе әйел. Содан соң телеграмманы бір есе тұмсығына таяп, бір есе қолын ігеріптік созып алыстан қарайды. Жасаураған көзін сүртеді. —Кезі құрғырдың жемісі-ай.

—Айттым ғой, көрмейсің деп. Бері әйел, өзім оқып берейін, — деп Илья Артемович жұбайына қыр көрсете сөйлейді.

Ерлі-зайыпты адамдар бірінен-бірі қызғанып отырған бұл телеграмма Қызыр Шығыста армияда қызмет етіп жүрген баласынан келген болатын. Ол да мерзімді жылын өтеген соң Қазақстанға, әкешесінің қолына келетінін айтыпты.

Ал, ұзын бойлы, ат жақты Николай Лагутин терезеге қарап, сырнайын алды.

Петропавлда сол бригаданың бригадирі Николай Павленко сырттан келгендер тұралы көп сөздер естіді. Бүкілхалықтық ұлы қозғалыстың атын жамылып, өзіндік не бір кемтар да арамза мүддесін қуып келгендер де, немесе адам деген атқа лайығы жоқ, бұрынғы халқан іздерін жасыру үшін келгендер де бірен-саран кездесіп қалады екен.

Тіл бөтен болса да, ойы тоғысар, жүрегі бір жергілікті халықтың әлде біреуі әлде бір ажуа күлкімен «әлгі Кубаньнан келгендер ме, әй, соларды қойшы!» десе, қандай ауыр. Мүмкін, бұл сырдапты, оңашада айтылар, мүмкін Павленко оны өз құлағымен естімесе те. Бірақ, әңгіме кімнің естіп, кімнің естімеуін де емес, әңгіме сол сөздің шығуына тізгіні боларлық жағдайда. Николай осыны ойлады. Ол өзінің көмекшісі Семенец пен комсорг Кудактинді оңашалап алды:

—Осы тың дегеніміз не? — деп түйеден түскендей етіп, ол кенет сұрақ қойды.

Ересек Илья Артемович пен жасөспірім Юрий үнсіз ғана бір біріне қарасты.

—Тың дегеніміз миллиондаған пұт астық, — деді Илья Артемович біраздап кейін. Оны Юрий де қостады.

—Жоқ, — деді Николай Павлович. — Тың дегеніміз әрі астық, әрі достық. Біз осыны ұғынуымыз керек. Кубандық атымызды, даңқымызды сақтауымыз керек.

—Сөз бар ма! — деді жас пен кәрі қатарынан.

Осы ойды олар темір жол бойындағы соңғы Мамлют станицасына келгенде айтыспай-ақ бекіте түсті. Тың дегеннің не екенін де енді ғана түсінгендей. Ол жайындағы бұрынғы самғағын ой-армап, көзге елестетудің бәрі де енді көмескі, ала шәугім тартып қалды.

Осы бір кіші-гірім станицаның бұдан екі-үш ай бұрынғы жағдайын айтса, көрмеген адам танымас та еді.

Келіп жатқан адам мен техниканың қыян-шегі жоқ. Үстіне қыян-қылшай жұп тиеткен әшелондар бір біріне мандай тіресе тұр. Ұлы қытай қорғаны сияқты темір жол бойын бойлап көзсіз алысқа кете береді. Құрамалы үйлер, көпшелі асханалар мен палатқалар, дүр жана тракторлар мен машиналар, соқа-саймаңдар осы станицада алып шоғыр жасаған. Сол шоғыр жан-жақтағы тың далаларға жайыла, тарала шығып, шұбап кете береді. Алды көк жиектен әрі асып, көрінбейді де. Тың даласының етек жаңы де кең. Адамды да, техниканы да жұтып қойып жатыр. Жөн-жосынғы жоқ құрдым жұтыс емес, бірақ, сол күш көз алдында көк жиекке батып жатса да, сол даланың әлде бір нүктесінде жаңа шатыр тігіліп, жаңа түтін көтеріліп жатқанын жақсы түсінесің, көзің жетпесе де, ойша түсінесің.

Кубаньнан шыққан № 19 трактор бригадасы да сол ұлы ауымының ішінде

бәріміздің дұғамыз — еңбек, — деп пешен сөйледі. Жаңа келгендер бұл сөзді қалтқысыз қабылдады.

Содан кейін кең далада, кең дастырған жайылды. Тұрғын адамдармен жақсы әңгіме басталды. Колхоз председатели колхоз жайын, агроном жер жайын айтты. Қазақтар домбырасын, кубандықтар сырнайын тартты. Тың даланың төсінде еркін қуанышты би кетті.

Ұлттық тамақтан кейін үлкен кеселерге толтырылып «сүт» әкелінді. «Сүтті неге бұлай береді? — деп ойлаған Лагутин ұрттап дәмін көріп еді, тым ашқылтым екен:

—Бұл не нәрсе? — деп сұрады ол қасында отырған өз тіркеушісі Нурахметов Тұрғыннан.

—Бұл биенің сүті, қымыз. Николай түсіне алмай қалды.

—Қмус дейсің бе? — деді.

—Қмус емес, қымыз. Көдуілгі сыра сияқты. Биенің сүтін ашыту арқылы жасайды. Лагутин қымыздың дәмін қайта татты да, ұнай кеткен соң көтере салды.

—Жақсы екен. Сонымен бұл дала «сырасы» ғой, солай ма?

Тұрғын күлді де қойды. Ештеңе деген жоқ.

Николай тұрғын халықтың тым қонақжай, жатырқау дегенді білмейтін халық екенін осы кездесудің өзінен-ақ аңғарды. Сондай иштіне жалғасып маназы қызыл көйлекті қыз тағы көз алдына келді. «Әлде қазақ қыздары еркектерге солай көрінбей ме екен? деп ойлады. Оның жайын тағы да жаңағы, нені болса, соны қалжымай түсіндіре бергіш, ақкөпір Тұрғынға айтты.

Тұрғын ишындықты жеткізді.

—Жасыратыны жоқ, әдепкіде сырттан келгендердің кейбіреулері тым жаман мінез көрсетті ғой. Запыс болып қалған болар. Асықпа, кейін кімнің қандай екеніне жұрт көзі жетеді ғой.

Кенет Николайдың бойында бір сезім пайда болды. Ол тыңға келген кейбір мінезсіздердің жат қылығы үшін қатты ұялды. Қызыл көйлекті қызға ол енді қайтып көріне алмайтыны сезінді. «Жоқ, адам атына түсер ондай дақты жуу керек, адал еңбекпен жуып кетіру керек» — деп түйді ол өз ойын.

Көп кешікпей бүкіл Преснов ауданына мынадай бір аңыз тарап кетті. «Кубаньнан бір бригада келіпті. Ондағы адамдар ұйқы дегенді, ашу дегенді, шаршау дегенді мүлде білмейді екен. Дем де алмайды. Жұмыстан желісімен билеп, өлең айттып кетеді екен. Олар жүргізген тракторлар басқаларынан жұмысты үш есе артық істейді екен», — деген сөз ауданның әр түркірін аралап, бірден-бірге қанатын кең жайып, көрші аудандарға да кете бастады.

Аңыз болған соң қоспасы болатыны рас ғой. Ең алдымен олар уақытымен ұйықтап, уақытымен тұрады. Уақытына

ССРО-ның мемлекеттік заемдары, сонымен бірге, облигация алушыларға да едәуір материалдық пайда келтіреді. Мәселен, мемлекеттік 2 проценттік заем (1948 жылғы) 20 жыл бойы ұтыс тираждарында орналасты. Бұл заемның барлық 40 ұтыс тиражында 244 миллион 608 мың сомдық ұтыс бар. Ал, ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемдарын ұстаушылар бұл заемдардың әрқайсысының 40 рет орнатылатын ұтыс тираждарынан ондаған миллион сом қаржы ұтады.

Совет мемлекеті бірінші бесжылдықта облигация ұстаушыларға 17 миллиард сомның ұтысын төледі. Ал, 1954 жылы еңбекшілерге Мемлекеттік заемдар бойынша 10,5 миллиард сом ұтыс төленбек.

Мемлекеттік заемдардың еңбекшілер үшін қаншалықты пайда беретіндігін біздің облысымыздың өмірінен айқын көруге болады. Мәселен, 1941 жылы облысымыздағы облигация ұстаушылар 1.505 мың ұтқан болса, 1953 жылы бұл соманың көлемі 13.622 мыңға жетті. Ал, үстеміздегі жылдың төрт айы ішінде облыс еңбекшілеріне Мемлекеттік заемдардың

Заемға жазылуды өткізу және заем баржысын жыйнау — бұқаралық-түсінік және ұйымдастыру жұмысын кең көлемде жүргізуді талап ететін мемлекеттік маңызы бар шара болып табылады. Заем жөнінде дұрыс ұйымдастырылған жақсы өткізілген бұқаралық-түсінік және ұйымдастыру-саяси жұмыстары — заемды ойдағыдай таратудың басты шарты. Әресе, бұл жағдайда жаңа заемның халықтың түбірлі мүддесін қанағаттандыруға толығынан жұмсалатынын, еңбекшілердің заемға берген қаржыларының еліміздің экономикасы мен мәдениетін онан әрі өркендетуге және халықтың материалдық ол-аудатын көтеруге жұмсалатындығын еңбекшілерге түсіндіру қажет. Сол сияқты, әрбір жұмысшыны, қызметшілерді, шаруаларды және барлық еңбекшілерді заемға жазылу шарттарымен таныстыру керек.

Жаңа заемға жазылу ісін зор ұйымшылдықпен ойдағыдай аяқтайық.

В. ДАМАСКИН,

Облыстық жыйнақ кассалары басқармасының оперативтік бөлімінің бастығы.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Партиялық-саяси жұмысты әлсіреткен жерде“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 9 майдағы номерінде «Партиялық-саяси жұмысты әлсіреткен жерде» деген тақырыппен сын мақала жарияланды. Бұл мақалада Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозында колхозшылардың өнімді еңбек етуі үшін жағдай жасалмай отырғандығы, колхоз партия ұйымының шаруашылық мәселелеріне басшылық және бақылау жасауындағы, партиялық-саяси жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктері атап көрсетілді. Сонымен бірге, аудандық партия комитетінің Преснов МТС аймағы жөніндегі топ қызметкерлері мен аудандық комитеттің нұсқаушысы П. Черников жолдастың колхоз партия ұйымының жұмысына мардымды көмек көрсетпей келгендігі сынға алынды.

Аудандық партия комитеті бұл мақаланы «Сталин жолы» колхозы бастауыш партия ұйымының жыйналысында талқы-

лап, бұл мақаладағы фактілерді толық дұрыс көрсетілген деп тапты.

Партия жыйналысы, ұйым секретары Оразалин жолдасты қатты сынға алып, алдағы уақытта колхоз партия ұйымының ролін арттыруға, саяси-бұқаралық жұмыстарды шұғыл жақсартуға бағытталған қаулы қабылдады. Оразалин жолдас бастауыш партия ұйымының секретарлығынан босатылды.

Аудандық партия комитетінің Преснов МТС жөніндегі секретары К. Бабкин және аудандық комитеттің нұсқаушысы П. Черников жолдастың колхоз партия ұйымының жұмысына мардымды көмек көрсетпей келгендігі сынға алынды.

Н. БОЛАТБАЕВ,

ҚКП Преснов аудандық комитетінің секретары.

Жарияланбаған хаттың дерегі

Редакцияға түскен тілші хатында Совет ауданындағы «Новый быт» және «Совет» колхоздарының председателдері П. Ченченко мен Бондаренконың колхоздан еңбекшілерді дұрыс алмай отырғандығы айтылған болатын. «Новый быт» колхозының председателі Ченченко жолдас өзінің еңбегіне еңбекшілер алу орнына ай сайлы 1100 сомнан еңбекші алып отырған. Өткен жылдың декабрь айы ішінде колхозшылардың рұқсатынсыз колхоздан 2 төрай алып, олардың қунын төлемеген. Ал, «Совет» колхозының председателі Бондаренко бірнеше ай бойына өзінің еңбека-

қысына колхоздан ақпандай еңбекақы алып келген. Соңғы кезде ол еңбекшілер алатын болғаннан кейін де колхоздан еңбекақыға заңсыз алған 6500 сом қаржыны әлі күнге орнына салмаған.

Совет аудандық прокуроры Әуелбеков жолдас редакцияға, газетке жарияланбай, тексеріске жіберген осы тілші хаты бойынша тексеріс жүргізгенде онда көрсетілген фактілердің толық анықталғандығын, Ченченко мен Бондаренко партиялық шара қолдану үшін тексерістің қорытындысы аудандық партия комитетіне тапсырылғандығын хабарлады.

жәндіктер мен өсімдіктер жайында әрі-мәлер айтып, түсініктер беріп отырды. Экскурсияда оқушылар бірсыпыра тербарийлер, коллекциялар, ескі заманнан қалған аюанаттардың сүйектерін жыйнады.

* * *

Оқушылар Борки селосында, Петропавл ауданындағы Ново-Павловка, Березовка селоларында және тағы басқа жерлерде болды.

К. ЖАНОВ.

10 мегежіннен 140 төрай

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозының шошқа фермасы колхоз саласына айналуда. Колхоз өткен бір жыл ішінде ғана 30 мың сом қаржы тапты. Қазір мұнда 101 шошқа, оның ішінде 20 мегежін бар. Шошқа күтушілер Л. Пенева, М. Воропаева жолдастар шошқа өсіруде қажырлы еңбек етіп жүр. Пеневская жолдас 8 жылдан бері шошқа күтуші болып істейді. Ол тек соңғы жылдардың ішінде ғана 400-ден астам төрай өсірді. Өткен жылы 10 мегежіннен 140 төрай алды. Шошқа өсіру жолындағы қажырлы еңбегі үшін колхоз басқармасы соңғы жылдар ішінде Пеневская жолдасқа қосымша еңбекақыға 30 төрай берді.

Қазір қыстан күйлі шыққан мегежіндер жаппай төрайлай бастады. Пеневская және Воропаева жолдастар алғашқы төрайлаған 4 мегежіннен 56 төрай алып, оларды шығынсыз өсіруде.

Е. ҚАСЫМОВ.

Жұмысшылар тұрғын үйлер сала бастады

Совхоз кадрларын тұрақтандырып, жұмысшылардың тұрмыс қажетін тыңғылықты өтеу мәселесіне Тоқшын совхозының дирекциясы үнемі зор көңіл бөліп келеді. Совхоз өздеріне жеке тұрғын үй салушы жұмысшыларға құрылыс материалдарымен және ақпалай көмек көрсетуде.

Қазір совхозда 15 адам өздеріне тұрғын үй салып жатыр. Булардың тең жартысы механизаторлар. Совхоз үй салушыларға ден қарызға 20 мың сом қаржы бөлді.

ЖЕГУ ӘБЗЕЛДЕРІН ЖӨНДЕУШІЛЕР КОЛХОЗДАРДА

Қаладағы «Қазақстанның 10 жылдығы» кәсіпшілік артелі үстеміздегі жылы қамат-саймандар жасайтын цехты қайта құрды. Қазір мұнда жегу әбзелдерінің толық комплексті шығарылады.

Артель бірқатар жаңа шараларды жүзеге асырмақшы. Мәселен, колхоздарға жөндеу бригадалары жіберілді. Бұл бригадалар колхоздарға өз материалдарын алып барып, жегу әбзелдерін жөндейді. Қазір Мамлют ауданындағы Чкалов атындағы және Приеним ауданындағы Куйбышев атындағы колхозда екі бригада жұмыс істеп жүр.

граф бағаналары зырлап кейін қалып барады. Оның ойы да, жас жүрегі де алыс болашаққа асыға тарты береді. Мүмкін оны сүйген әзірше бейтаныс әдемі қыз сол алыс болашақта, Қазақстанда мұның келуін асығыс күтіп жүрген болар? Кім білсін!...

* * *

Қазақстанның солтүстігінде жатқан ескі Петропавл қаласы жайлы, жалпы қазақ халқы жайлы олардың мағлұматтары тым кедей болып шықты. Жол бойы біреу республикада шығатын газеттерді, екіншісі үлкен Совет энциклопедиясындағы «Қазақ ССР-і» деген тақырыпқа үңілді.

...Поезд үлкен көпірден өтті. Өзен ортақтың кеткен жалпақ жар қабақта кең аумақты қамтып жатқан қала көрінді. Қала үстінен шанышала шыққан жиі де биік мұржалардан түгін будақтайды.

—Ойша кішкене қала емес екен ғой, дейді терезеге үңілгендердің бірі.

Кейбіреу тіпті бұл өңірде гүл өседі деп те ойламапты. Сөйтсе де оларды қаланың жас ұрпақтары қарсы алды. Бес-алты жылда бір рет болса да осы бір көктем шағында аяқ астынан дүрліге, қонарыла тұлап, оңай ашуланар, ал, жаз айларында кез келген жерінен кез келгенге өткел беріп, оңай жуасыр кішкене Есіл өзенінің табаны әлі де қозғалмай, қыс демін әлі де өзінше, қысына кең алып жатса да, қыздар жауқазын гүлін құшақтап келді. Бірін бірі бұрын көрмесе де, еңбекте таныс, жылы да етене қолдар айқасты. Жүрекке тым ыстық, лепті, демді сөздер сөйленді.

Жастар кубаньдықтарға өз қаласының ең жақсы жерлерін аралатты. Үлкен стадионын, алып ет-консерві комбинатын, салынып жатқан макарон фабрикасын, үлкен сыра зауытын көрсетті. Театр мен музейге апарды.

Бұлы монша да ұмыт қалған жоқ. Жақсы демалыстан кейін бригаданың қайда баратыны да мәлім болды.

* * *

Тың туралы айтылған тың сөздер де көп. Қонарылмаған сол жосатты тыңдардың өзіндей айтылмаған тың ойлар да көп. Жол бойы бұл бригаданың да әр мүшесінде сондай ойлар тұды. Тыңға байланысты әркім өз келешегін өзінше құрғысы келді. Бірінің ойы отбасындық шағын болса, екіншісінікі сол кең даланың өзіндей кеңге, тереңге тартты. Шақкый тартты.

Қалалар мен жұмысшы поселкелерін көркейту

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Қызылорда қаласы өсіп және көркейіп келеді. Быйылғы жылы мұнда 200-ден астам екі қабат және бір қабат үйлер пайдалануға берілді. Быйылғы жылы салынуға жоспарланып отырған құрылыс объектілерінің ішінде әйелдер педагогикалық училищесінің жатақханасы, ет комбинаты жұмысшыларының тұрғы үйі, облыстық кітапхана үйі және тұрмыстық қамту комбинатының үйі бар.

барады. Бүгін болмаса, ертең не бір кел жағасында, не бір ағаш қойнауында, олардың да қасы көтеріліп, түтіні будақтайды.

* * *

Преснов МТС-нің орталығынан шыққан бес жаңа машина түс кезінде «Сталин жолы» колхозына келіп жетті. Павленко мен Кудактин отырған алдыңғы машинаның маңдайына кішкене жалау ілінген. Көктем желімен бйнап желпілдейді. Жалау желпілдеген сайын бормен жазылған «19» цифрының бірде тайтуяқты таяқшасы, бірде имек сыйрақты шеңбері көрініп қалады да, кішкене толқындарға сүйгіп кетеді.

Әртүрлі киінген ауыл адамдары жаңа келгендерді қоршап алды. Бара-бара топ құрамы көбейіп сала берді. Тым жұқа ашытпай пісірген нандары, жұмыртқаларын алып шығып, ұсынып жатқандар да бар. Астына жиірен ат мінген, желкелі, бір жуан келіп өзін:

—Жолмұқанов, —деп таныстырды. —Осы «Сталин жолы» колхозының председателі. Қол келдіңдер!—Содан кейін ол трактор бригадасын тура белгіленген жерге бастады. Қала шетіне жақындағанда қаныттыр шатырлы үйдің алдында тұрған қызыл көйлекті бір жас қызға Лагутиннің жезі түсті. Ол машинасын тоқтатты да секіріп түсе қалды. Енді қараса қыз жоқ. Ғайып болып кеткендей. Лагутин үйге беттеді. Есік іштен жабылып алынған.

—Апыңыз, —деді Николай ақырына ғана.

Таза орыс тілінде сөйлеген жас қыздың жіңішке даусы шықты.

—Сізге не керек еді?
—Болса, сусын берсеңіз.
—Сусын жоқ.

Содан кейін үйден ешбір дыбыс білінбей кетті.

Ол аң-таң болып машинасына оралды. Алайда, жол бойы ғайып болып кеткен қызыл көйлекті қазақ қызы оның есінен кетпей қойды.

* * *

Тың палаткасы Сарыбай сорының дөңінен көтерілді. Ол жерлерге қарақшылар қойылған кең жазыққа колхоз председателі қолын сілтеді.

—Жыртатын жеріңіз осы. Біздің ел кісі жатырқамайды. Кубань бай да, даңқты еңбек сүйгіш ел ғой. Ел атына сай еңбек етсеңдер табысып кетеміз. Біздің

алқабында қысқа түнде, ұзақ күнде мотор үні бір тынған емес. Олар еңбек төртбін ұйымдастыра білді. Кеше ғана ақселеуі көктем жүзімен шағылыса толдыған кең жазық, бүгін қара мақпалға айналды. Ол мақпалда қазір тың дәні көктем келеді.

Бригада жоспар дегенмен санасқан жоқ. Жырта берді, себе берді. Бүгін сіз Преснов МТС-іне бара қалсаңыз көрсеткіш тақтаға үніліңіз. № 19 трактор бригадасы 900 гектар егін сепкен. Жансыз тілмен айтқанда үш жүз процент. Ал, осы цифрға ойлана үңілсеңіз ол еңбек пен адамгершілікке, достыққа айналады.

Жуырда сол № 19 трактор бригадасына бір жеңіл машина зырлап келді де екі сағаттан кейін қайта МТС орталығына тартты. Кубаньдықтар палаткасының үстінде үлкен Қызыл Ту желбіреп қалды. Ауыспалы Ту, ерліктің, еңбектің, ұлы жарыста озғанның туы.

Үлкен табыстан кейін олар біржүндік демалыс жариялады. Алда әлі де қалды да соны істер жатыр. Соған тынығып кірісу керек. Бәрі де жуынып, көлеңкеде саялайды. Ал, Николай Лагутин болса, сырнайын арқалап колхоз орталығына тартты. Шаршау дегеннің не екенін білмейтін жастық шақ. Не дерсің оған.

Ауыл шетіне кіре бергенде шатырлы үлкен үй бірден оның көзіне шалынды. Николай қақпа алдына жақындап келті де, сырнайын соза тартып, ойнап кетті. Күткен адамы үйден емес, мектеп жақтан келе жатыр екен. Кітаптарын құшақтап, қызыл көйлегін шайқақтатып, күліп келеді. Николай тоқталып қалды. Жақындаған қызға:

—Шөлден тұрмын, болса су беріңізші, бижеш! —деді ол.

Қызыл көйлекті қыз әлгі бір күлден қалшында Николайды үйге бастап кірді. Содан кейін ернеуіне алтын жалатқан кесені шүбірдетіп әкеліп, ешненен, сүйкімділікпен ұстата берді.

Шәіркеген жігіт, кесені бір-ақ көтерді де талдырмап бойлы, сұлу қыздың үлкен де мейірімді қара көздеріне сәл қарап тұрып қалды. Содан соң:

—Бұл бергеніңіз не, бижеш?—деп сұрады. Қызыл көйлекті қыздың әдемі де нәзік үні мен жіңішке күлкесі бірге шықты:

—Бұл ма? Бұл —дала «сырасы». Преснов ауданы, Айымжан ауылы.

Жоспардан тыс жүк

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Орал бөлімшесінің тепловоз машинистері Оренбург магистралі теміржолшыларының жарысында бірінші орында келеді. Май айында олар ауыр салмақты 1200 есоставты жүргізді. Орал станциясы депосының комсомол-жастар колоннасының есебінде ауыр салмақты есоставтар көп.

Жылы басынан бері бөлімше машинистері жоспардан тыс жүздеген мың тонна халық шаруашылығы жүктерін тасымалдады.



Петропавлдың Ленин атындағы балалар бақшасында қала жұмысшылары мен қызметшілерінің балалары тәрбиеленеді. Мұнда балалардың уақыттарын көңілді өткізу үшін ойыншықтардың түр-түрлері көптеп сатып алынған. СУРЕТТЕ: таңертеңгі тамақтан келіп, қуыршақ ойнауға кірісті. Люба салды. Ал, Лида, Света және Нина қуыршақтарын «тамақтандыруға» кірісті.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

КИНО

„Партизанның балалары“

Геологтардың шатырында түсі суық бір адам ұйықтап жатыр. Осы ұйықтап жатқан кісінің шатырына фотограф келеді. Ұйқыдағыны жете таныған ол оны ақырын оятып алады.

— Мен фотокорреспондентің, — деп басталған оның сөзінің төркіні барған сайын тереңдей түседі. — Мен бәрін де білемін. . . Сен ұлтшылдарға қызмет етіп, оларға партизандар отрядын ұстап бергенің, — дейді фотограф, көшет түсің суытып.

Фотографтың қыспаққа алып, шпиондыққа пайдаланғысы келіп отырған адамы Ұлы Отан соғысы кезінде фашистерге сатылып, соғыс аяқталғаннан кейін ізін білдірмей жүрген Глушка еді. Глушка Белоруссияның бір ауданында мұнай іздеп жүрген геологтардың партиясына жол нұсқаушы болатын.

Шетел капиталистерінің агенті фотограф көздеген мақсатына жету үшін Глушканы пайдаланғысы келеді. Фотографтың оған берген бірінші тапсырмасы — геологтарға дұрыс жол көрсетпеу. Сонан кейін геологтардың карталарын фотоға түсіріп алу. Глушка осы әрекеттерді істеуге кіріседі де.

Фильмдегі басты геройдың бірі — суворовшылар училищесінде оқып жүрген жас өспірім Михась. Ол фотографпен каникулға еліне қайтып келе жатқанда на рөхәд үстінде кездескен болатын.

Михась ормайшы атасы Якубтың үйіне келген соң, өзінен бірер жас үлкен апасы Олесямен тоғай ішін аралайды. Онда

Олар барлық болған оқыйғаларды жазып, қағазды Анчардың мойнына байлап, үйге жібереді.

Балалардың жоғалып кеткенін кешке таман бірақ естіген геологтар, село адамдары іздеуге шығады. Олардың ішінде Глушка да бар еді. Анчар бірінші болып соған кездеседі. Штін мойындағы қағаздан балалардың әлі тірі екенін білген Глушка оларды іздеп аралға жетеді. Егер өліп кетсек жау құтылмасын деген оймен Михасьтың ағаштарға ойып жазған «Глушка сатқын» деп жазғандарын көргенде Глушка қатты сағасы. Ол жазуларды жонып кетіркешкі болады. Бұл ойылып жазылған ағаштарды жонумен бітіре алмайтын болғандықтан Глушка өрт салады да, өзі балаларды іздейді. Өрттен қашқан балалар ескі зыйратқа кездеседі. Бұл бір мезде Глушканың опасыздық жасап, ұстап берген Олеся мен Михасьтың партизан әкелерінің зыйраты екен. Глушка балаларды осы жерден табады. Мылтығын өтертіп, балаларды жаңа ғана ұрмашы болып оқтана берген жауды қарт Якубтың «тоқта, таста мылтығыңды», деген сөзді бұйрығы тоқтатады. Қартты бұл араға Глушканың оғынан жараланып қалған Анчар бастап әкелген еді.

Опасыз Глушка мен шпион фотограф зерттеушінің кабинетінде істеген жауыздықтарын мойындайды.

Фильмдерде жақсы шыққан образ — Олеся (Наташа Защипина) мен Михасьтың

Сыртқы істер министрлерінің Женева кенесі

ЖЕНЕВА, 5 июль. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Женева кенесінің күн тәртібінің бірінші пункті — корей мәселесін талқылауға қатысушы он тоғыз елдің делегациясы бүгін өздерінің кезекті пленум мәжілісіне жыйналды. Ван Вайтхайкон (Таиланд) председателдік етті.

Оқушыларға мынаны ескерте кетейік: Женева кенесінің бас кезінің өзінде-ақ, 27 апрельде, Корей Халық-Демократиялық Республикасының делегациясы елді демократиялық негізде бейбітшілікпен біріктіру жолымен корей мәселесін шешуге бағытталған бірқатар нақтылы ұсыныстар жасаған болатын. Корейнің ұлттық бірлігін қалпына келтіру ең алдымен корей халқының өз ісі болып табылады деген принципке негізделген бұл ұсыныстар бүкіл Кореяда корей халқының өз тілегін шын мәніде еркін білдіруін қамтамасыз ететін және шетелдің ешқандай араласуымен сайлаушыларға ешқандай қысымшылық жасауға жол бермейтін жағдайды жалпыкорейлік сайлау өткізуді көздейді. Осы мақсатпен КХДР делегациясының ұсыныстары жалпыкорейлік сайлауды өткізу Солтүстік және Оңтүстік Корея арасында келісім жасау жолымен жүзеге асырылуын, бұл үшін елдің екі бөлегінің өкілдерінен жалпыкорейлік комиссияның құрылуын көздейді. Бұл ұсыныстар сонымен бірге жалпыкорейлік сайлау өткізгенге дейін Кореядан барлық шетел әскерлерінің өжетілуін және Қытай Шығыста бейбітшілікті қамтамасыз етуге ерекше мүдделі мемлекеттердің Кореяның оған әрі бейбіт жолмен дамуын қамтамасыз ететін міндеттемелер алуын көздейді.

Жұртшылыққа мәлім, КХДР делегациясының ұсыныстарын ССРО мен Қытай Халық Республикасының делегациялары қуаттады. Мұның өзінде КХР делегациясы бүкіл Кореяда еркін сайлауды өткізілуіне бақылау жасау үшін Кореядағы соғысқа қатыспаған бейтарап елдердің өкілдерінен комиссия құру туралы қосымша ұсыныс жасады.

КХДР және КХР делегацияларының ұсыныстарын жұртшылық пікірінің қалың топтары қызу қостап, мақұлдады, өйткені, бұл ұсыныстар бейбіт жолмен біртұтас, тәуелсіз, демократиялық корей мемлекетін құрудың жолын ашады. Алайда, кеңестегі дискуссияның барысында АҚШ-тың және кейбір басқа елдердің делегациялары бұл ұсыныстарға қарсы шығып, БҰҰ-ның корей мәселесі жөніндегі заңсыз қарарларын пайдалану жолымен Кореяның ішкі істеріне араласуды қасарысып талап етті. Дискуссия АҚШ-тың корей проблемасын бейбіт жолмен шешуді тілемейтінін, қайта оның Оңтүстік Кореяда өзінің үстемдігін сақтап қалып, бұл үстемдікті бүкіл елге таратуға тырысатындығын көрсетті.

22 майда Оңтүстік Кореяның делегациясы АҚШ-тың айтуынша жазып әкелген өзінің жобасын ұсынды, ол жоба Оңтүстік Кореяны шетел әскерлері оккупацияланған жағдайда және БҰҰ-ның бақылауымен сайлау өткізуді көздейді; ал, БҰҰ-ның Кореядағы соғысушы жақтардың бірі жағдайында болып, осы сөзбені корей мәс-

елде келісімге қолайлы емес деп көрсетуге тырысты. Ол КХДР делегациясының ұсыныстарына қарсы шықты.

КХДР делегациясының басшысы Нам Ир өзінің сөзінде Оңтүстік Корея делегациясының ұсынған жобасына терең талдау жасады. Нам Ир бұл жобаны Корейнің екі бөлегіндегі кәзіргі нақтылы жағдайды толық есептеуді тілемейшілікке негізделгенін және ол Кореядағы жағдайды бейбіт жолмен реттеу туралы мәселені іскерлікпен талқылауға оңтүстіккорейлік үкмет орындарының мүдделі емес екенін дәлелдейтінін көрсетіп берді. КХДР делегациясының басшысы, егер кеңеске қатысушылар корей проблемасын елді демократиялық негізде бейбітшілікпен біріктіру жолымен шешуді шын мәніде тілейтін болса, онда мұндай шешім үшін жақсы негіз КХДР делегациясының ұсыныстары, сол сияқты, Қытай делегациясының қосымша ұсыныстары болып табылады деп мәлімдеді.

Бұдан кейін Қытай Халық Республикасы делегациясының басшысы Чжоу Эн-лай сөз сөйледі. Ол КХДР делегациясы жасаған корей мәселесін бейбіт жолмен реттеу жөніндегі нақтылы ұсыныстардың корей халқы үшін шын мәнідегі еркін сайлау өткізу жолымен оның ұлттық бірлігін қалпына келтіруге зор мүмкіншіліктер туғызатынын атап көрсетті. Шын мәнісі лисымандық топтың үстемдігін қарулы күштердің көмегімен бүкіл Кореяға тарату болып табылатын Оңтүстік Корея өкілінің ұсыныстары бұл мақсат үшін қызмет ете алмайды. Корей мәселесін талқылаудың бүкіл барысында талдау жасай келіп, Чжоу Эн-лай келісімнің жалын іздеу жөнінен түпкілге болмайды, өйткені, 13 майда ағылшын делегациясының басшынан Иден айтқандай, кәзіргі өзінде бірқатар ортақ көкірастар бар, деді Чжоу Эн-лай кеңеске қатысушыларды кәзіргі өзінде келісілген жалын негізде корей мәселесін бейбіт жолмен реттеу туралы келісімге жетуге, сөйтіп, мұнымен, барлық елдер халықтарының үмітін ақтауға шақырды.

Филиппинның өкілі Гарсиа, күткендей-ақ, өзінің сөйлеген сөзінде оңтүстік корейлік делегацияның ұсыныстарын қорғауға бағытталған американдық дәлелдерді қайталады. Гарсиа БҰҰ-ның қарарлары заңсыз екеніне және олардың Женева кеңесіне ешқандай қатысы жоқтығына қарамастан, корей халқына БҰҰ-ның қарарлары тағылуға тиісті екеніне «қатты сенім» білдіріп, өз делегациясының корей мәселесін шешуге көмектесуге тілемейтінін көрсетті.

Филиппинның өкілі сөз сөйлеп болғаннан кейін совет делегациясының басшысы В. М. Молотов сөз алды. Кеңеске қатысушылар өте зейін қойып тыңдаған мәлімдемесінде ол корей мәселесі жөніндегі жалпы дискуссияның кейбір қорытындыларын шығарды. Молотов кеңес қазірдің өзінде келісілген қарар қабылдай алатын кейбір маңызды мәселелерді бөліп алып қарауға барлық негіз бар екенін, өйткені, делегациялардың көзқарастары

бұға тырысуға тиіс. Совет делегациясы кеңестің қарауына қарар жобасын ұсынды, онда келісілген қарар қабылдау мүмкін деп есептелетін мәселелер бөлек алынған және қосымша қарауға жататын мәселелер де көрсетілген.

В. М. Молотов сөзінің аяқ кезінде АҚШ өкілінің 28 майдағы сөйлеген сөзін сынга алып, БҰҰ-ны қорғау деген желеумен АҚШ-тың Кореядағы өзінің агрессиясын ақтауға тырысатынын көрсетті. АҚШ-тың өкілі сөзсіз қостаған оңтүстіккорейлік делегацияның ұсыныстары Кореядағы нақтылы жағдайға сай келмейді және Женева кеңесінің қарар қабылдауы үшін негіз бола алмайды. Совет делегациясы, деді В. М. Молотов, өз тарапынан ұсынып отырған қарардың жобасына, егер келісімге жетуге ұмтылушылық көрсетілетін болса, корей мәселесі жөніндегі қарарға негіз бола алатындай ережелерді ғана енгізуге тырысты, мұның өзінде даулы мәселелер бойынша оған әрі өзара пікір алысу ұсынылады. Совет ұсынысын қабылдау, деп атап көрсетті В. М. Молотов, кеңестің онан әрі жұмыс істеуін жеңілдетер еді және корей халқының мүдделеріне, сонымен бірге жалпы бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келетін келісімге жетуге көмектесер еді.

Бұдан кейін сөз алған Голландияның өкілі Голландия делегациясының келісімге келу үшін негіз бар екенін жоққа шығармайтынын мәлімдеді. КХДР делегациясының, сол сияқты, оңтүстік корейлік делегацияның, деді ол, Кореяны біріктіру мақсатында ең алдымен бүкіл Кореяда сайлау өткізу қажет деп есептеуі үміттендіретін фактор болып табылады. Мұнымен бірге, КХДР ұсынысының жалпыкорейлік сайлауды өткізгенде екі жаққа тең өкілдік беру принципіне кәздеуі де өте дұрыс болып табылады. Негізгі қыйыншылық, голланд өкілінің пікірі бойынша, Кореяда жалпыға бірдей сайлау өткізуді қалай ұйымдастыру жөніндегі көзқарастардың айырмашылығында болып отыр. Ол жалпыкорейлік комиссияда Кореяның өкі бөлегінің өкілдері арасында ынтымақ болу мүмкіндігін ешбір негізсіз жоққа шығарып, оңтүстік корейлік делегацияның ұсынысын қостады.

Мәжілісте ең соңынан сөйлеген Оңтүстік Корея мен АҚШ-тың өкілдері корей мәселесі жөнінде келісімге жету олардың есебіне кірмейтінін тағы да көрсетті. Олар, әресе, жалпыкорейлік комиссия құру туралы ұсынысқа өрнеленге қарсы шығып, мұнымен, өз тағдырын шешу правосын корей халқының өзіне беруден өздерінің оттан да қатты қорқатынын аңғартты. Кореядағы уақытша бітім туралы келісімнің орындалуына бақылау жасау жөніндегі бейтарап елдер комиссиясының тәжрибесін бұрмалап көрсетіп, АҚШ делегациясы Смит осы «негізде» Кореяда еркін сайлаудың өткізілуіне бақылау жасау үшін Кореядағы соғысқа қатыспаған бейтарап елдердің өкілдерінен комиссия құру жөніндегі КХР делегациясының ұсынысына қарсы шықты.

Чжоу Эн-лай Смиттің бұл айтқандары

ФРАНЦУЗ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ XIII СЪЕЗІ

ПРИЖ, 8 июль. (СОТА). Кеше Француз Коммунистік партиясының XIII съезінің қорытынды мәжілісінде партияның бас секретары Морис Торез сөз сөйледі, делегаттар оны ду орация жасап қарсы алды. Торез Француз Коммунистік партиясының ұлттық тәуелсіздікті қалпына келтіру үшін, Францияның бейбітшілігі мен хауісіздігін және Француз халқының әлеуметтік прогресін қамтамасыз ету үшін барлық ұлттық және демократияшыл күштерді топтастыру жолында күресуге берік бел байлап отырғанын атап көрсетті.

Француз Коммунистік партиясы, деп мәлімдеді Торез, «Европалық қорғаныс бірлестігіне» қарсы, Индо-Қытайдағы соғысқа қарсы, Францияның ұлттық тәуелсіздігін қамтамасыз ету жолындағы күресте парламенттегі және елдегі қыймылдардың қандайын болса да қолдауға әзір болып отыр.

Француз Коммунистік партиясының XIII съезінің қорытынды мәжілісінде Француз Коммунистік партиясының басшы органдары сайланды.

Француз Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшелері болып мыналар сайланды: Морис Торез, Жак Дюкло, Марсель Камен, Этвен, Фажон, Франсуа Билю, Лоран Казанова, Раймон Гюйо, Лион Морсель Сэрвэн, Вальдек Роше, Жаннетта Вермерин, Клодина Шома, Луи, Арагон және Француз Коммунистік партиясының басқа да көрнекті қайраткерлері.

Орталық Комитеттің мүшелері және мүшелігіне кандидаттар болып небары 72 адам сайланды.

Француз Коммунистік партиясының XIII съезі зор саяси өрлеу және қажырлы жігер жағдайында өзінің жұмысын аяқтады.

Француз Коммунистік партиясының Орталық Комитеті өзінің бірінші мәжілісінде Саяси Бюро сайлады: Морис Торез, Жак Дюкло, Марсель Камен, Франсуа Билю, Этвен Фажон, Раймон Гюйо, Лион Морзе, Вальдек Роше, Лоран Казанова, Жаннетта Вермерин.

Саяси Бюроның мүшелігіне кандидаттар болып: Жан Фейкс, Жорж Фришманн, Марсель Сэрвэн сайланды. Француз Коммунистік партиясының бас секретары болып Морис Торез сайланды.

АҒЫЛШЫН КӘСІПОДАҚТАРЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ

ЛОНДОН, 5 июль. (СОТА). Лондон ауданының 350 мың мүше біріктірген транспорттық және мамандығы жоқ жұмысшылар кәсіподағының №1 комитеті кәсіподақтың атқару комитетін лейбористік партияның октябрьде өтетін жыл сайлығы конференциясында кәзір жүргізіліп отырған Батыс Германияны қайта қаруландыруды қолдау саясатын қайта қарауға шақырған қарар қабылдады.

Транспорттық және мамандығы жоқ жұмысшылар кәсіподағы лейбористік партияның конференциясында мандаттар бойынша дауыс берген кезде ең көп дауыс алып келеді. №1 комитет Англиядағы аса ірі кәсіподақтың барлық мүшелерінің

жерттерін іздейді. Олар партизандардың жерден қазған үйінен Олесеян бұрыннан көріп жүрген нағанын алу үшін келеді. Үйді бұзғанненің оғы екеніне бәстескен екі бала аяғына жетпек болып, қабырғаны қопарғанда «құпия» деген жазуы бар пленка тауып алады. Олесеян мен Михась үйлеріне алып келіп, пленкағы өз беттерімен шығара алмайды да, геологтар партиясының бастығы Соболевқа апармақшы болады.

Бұл кезде геологтар Якуб қарттың бастауымен, экспедицияға кеткен болатын. Шатырда отырғанда тек қана фотограф пен Глушка. Өз пленкасын таныған Глушка оларды Соболевке бастап алына бармақшы болып жетіседі. Ол балаларды мый батпаққа апарды. Жол бойы бірнеше рет жырылып, үстерін сулаған балалар өнімдерін жөңгіріп ағаш арасында ойнап жүргенде Глушка пленканы ұрлап алып, батпақтан өзі өтеді де, аспалы көпірді алып тастап, оларды шақырады. Балалар батпақтан өтпекші болып шетіне таянғанда оларды батпақ түбіне қарай тарта жөнелді.

Өлім халіне жеткен балаларды батпақтан Якуб қарттың іті Анчар құтқарады. Бірақ, балалар аралда қалады. Қалың ағаштың айналасы түпел батпақ екен.

Олар партизандардың жерден қазған үйінен Олесеян бұрыннан көріп жүрген нағанын алу үшін келеді. Үйді бұзғанненің оғы екеніне бәстескен екі бала аяғына жетпек болып, қабырғаны қопарғанда «құпия» деген жазуы бар пленка тауып алады. Олесеян мен Михась үйлеріне алып келіп, пленкағы өз беттерімен шығара алмайды да, геологтар партиясының бастығы Соболевқа апармақшы болады.

Олар қыйындыққа мойымайтын, қайта соны жету үшін жүресуші совет балаларына тән нышайы образдарды шебер жасай білген.

Сәтті жасалған образдардың бірі — Глушка Артист Шпрингфельд мейімісіз, опасыз жаудың азғындығын жеріне жете әшкерелейді. Әресе, балалардың батпаққа батқан кезде ол олардың жалынын жалбарындандарына ешқандай рақым жасап, жібімейді.

Сол сыяқты, орманшы Якуб (П. Волков), Соболев (ССРО-ның халық артисті Молчанов) образдары да жақсы берілген.

Картинада Белоруссияның әсем табиғатын оператор А. Булинский жақсы пайдаланып, ойдағыдай етіп көрсете білген.

Белоруссияның киностудиясы жасап шығарған «Партизанның балалары» атты фильмінің жастарды патриотизмге, ержүректілікке, қырағылыққа тәрбиелеуде маңызы зор.

К. ӘМІРЖАНОВ,
Г. КӨРПЕШОВА,

Жеті жаңа рекорд

Жеңіл атлеттердің қалалық жарысы

«Локомотив» стадионында жеңіл атлеттердің қалалық жарысы болып өтті. Жарысқа 9 ерікті спорт қоғамдарынан 200-ден астам спортшылар қатысты.

Үш күнге созылған бұл жарыста қала спортшылары өздерінің спорттық шеберліктерінің өсіп келе жатқандығын көрсетті. Олар жеңіл атлетика бойынша облыстық жеті жаңа рекорд жасады. Тек қана биіктікке секіру жарысына 2 рекорд жасалды. Өткен жылы 1 метр 40 сантиметр биіктікке секірген оқушы Радченко былай өз көрсеткішін екі сантиметр өсірді. Ал, оқушы Сиденко («Локомотив») алғашқы ретте 1 метр 70 сантиметр биіктікке секіре алды. Жас спортшыларының әлі де болса жоғары көрсеткішке жетуіне талық мүмкіншілігі бар. Алайда, спортшылардың биіктікке секірудегі жалпы көрсеткіші өткен жылғы дәрежеден аса алмады.

«Локомотив» ерікті спорт қоғамының мүшесі Осадчий, 1500 метр қашықтықты 4 минут 19,4 секундта жүгіріп өтіп, облыстық жаңа рекорд жасады. Оның бөлеті бар 3000 метр қашықтықты жүгіріп өту уақыты да облыс бойынша рекорд болып табылады.

«Искра» ерікті спорт қоғамының спортшысы Харченконың 400 метрге жүгірудегі көрсеткіші де облыстық жаңа рекорд дәрежесінде.

Қаладағы К. Д. Ушинский атындағы оқушылар институтының екінші курсы-

ның студенті Таисия Федянина өзінің өткен жылғы көрсеткіштерін екі рет жаңалады. Ол 5 метр 17 сантиметр ұзындықтан секіріп, 80 метрлік барьерлі қашықтықты 12,9 секундта жүгіріп өтті. Оның көрсеткіші спорттық екінші разряд нормасынан артық.

Қаладағы механикалық техникумның студенткасы Валентина Никитина 80 метрлік барьерлі және 200, 400, 800, метрлік жай қашықтыққа жүгіруден қала чемпионы атағын жеңіп алды.

Қалалық жарыс жеңіл атлетика бойынша көрсеткіштердің әлі де болса жоғары дәрежеде емес екендігін көрсетті. Жарыста небары 1-ақ адам екінші спорттық разряд нормасын асыра орындай алды.

Жарысқа «Труд», «Медик» ерікті спорт қоғамынан бірде-бір спортшы қатыспады. Ал, «Энергия» және «Буревестник» командаларынан тек қана бірнеше жеңіл атлеттер болды. Бұл спорт қоғамдарында жеңіл атлетика мүлде ұмыт болған. Бұл жағдай қалалық физкультура және спорт комитетіне (председателі Данилов жолдас) көптен мәлім. Бірақ, жеңіл атлетиканы дамытуға ешқандай шара қолданылмай отыр.

Қалалық жарыс қорытындысында жалпыкомандалық бірінші орынды—«Искра», екінші орынды—«Динамо», үшінші орынды—«Локомотив» ерікті спорт қоғамдарының командалары жеңіп алды.

Я. АНАТОЛЬЕВ.

десін шешерде әділ халықаралық орган ретіндегі ролін атқару мүмкіншілігінен айырылып отырғаны жұртшылыққа мәлім.

Оңтүстіккореялық ұсыныстардың қыйынсыз екеніне қарамастан, бүгінгі мәжілісте бірінші болып сөз сөйлеген эфиопияның өкілі Габре Хейвот бұл ұсыныс-

ЖЕНЕВА, 7 июнь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Мұнда мәлім болғанындай, бұдан бұрынғы келісімге сәйкес 7 июльде белгіленген корей мәселесі жөніндегі жабық мәжіліс бүгін болмаған.

Хабарларға қарағанда, жабық мәжілістің болмаған себебі болған көрінеді: Батыс державалар делегацияларының өкілдері 19 мемлекет өкілдерінің 5 июльдегі пленум мәжілісінде корей мәселесі жөнінде енгізілген совет делегациясының ұсыныстарына байланысты өз үкіметтерінің тиісті нұсқаулар алуы қажет екендігін мәлімдеген.

Индо-Қытай мәселесін талқылаушы тоғыз делегацияның соңғы мәжілістерінде дискуссия болған негізгі мәселе соғыс қыймылдарын тоқтату шарттарының орындалуын соғысушы өкілдерінің өкілдерінен құрылатын аралас комиссиялар тарапынан, сондай-ақ, бейтарап мемлекеттер комиссиясы тарапынан бақылау туралы мәселе болғандығы жұртқа мәлім.

Ал, ССРО, Қытай Халық Республикасы және Вьетнам Демократиялық Республикасы делегацияларының жоғарыда көрсетілген бақылауды жүзеге асырудың негізгі жауапкершілігін аралас комиссияларға жүктей отырып, сонымен бірге бейтарап мемлекеттер комиссиясының ролін де көмітуге болмайтындығын атап көрсеткені де жұртқа мәлім. Бұл делегациялардың

құлақ мәселелер бойынша белгілі бір дәрежеде сәйкес келіп отырғанын көрсетті. Мұнымен қатар, В. М. Молотов атап көрсеткендей, кеңеске қатысушылардың позицияларында елеулі айырмашылықтар бар принциптерді кеңес мұқият талқылап, бұл принциптерді жүзеге асырудың практикалық жолдары мен әдістерін та-

* * *

пікірінше, бейтарап мемлекеттер комиссиясының басты міндеті Индо-Қытайда соғыс қыймылдары тоқтатылғаннан кейін онда сырттан әскерлер, қару-жарақ пен өк-дәрі жеткізілмеуіне бақылау болуға тиіс. Мұндай бақылау Вьетнамда ғана емес, сонымен бірге Патет-Лао мен Кхмерде де жүргізілуі тиіс деп көрсетілуде, өйткені, Патет-Лао мен Кхмерде мұндай бақылаудың болмауы бұл екі мемлекетте сырттан келіп жатқан қару-жарақ пен әскерлердің жыйнақталуына, сондай-ақ шетелдік соғыс базаларының құрылуына әкеліп соқтырған болар еді, мұның өзі соғыс қыймылдарын қайта бастау қатерін тудырған болар еді.

Бұл ұсыныс кейбір батыс делегациялары тарапынан қарсылық тудырған. Франция мен Камбоджаның өкілдері сырттан қару-жарақ пен әскерлерге әкелуге тыйым салу шарты Лаос пен Камбоджаға қолданылмауға тиіс деген мағынада пікір айтқан (батыс топтарында Патет-Лао мен Кхмерді Лаос және Камбоджа деп атайды).

Мұндай позицияның себебі неде? Бұл позицияны жақтаушы делегациялар қандай мақсаттарды көздеп отыр? Мұны Камбоджаның өкілі соңғы мәжілістердің бірінде ашықтан-ашық айтып салған. Мұнда мәлім болғанындай, ол былай деп мәлімдеген: Камбоджа үкметінің (яғнай

мен өзінің желіспетінің мәлімдеді және АҚШ өкілінің сөйлеген сөзіне кейіннен жауап қайтаруға правасы бар екенін ескертті.

Беймен мәжіліс жабылды. Председательдік етуші келесі мәжіліс болатын күні туралы делегацияларға әдеттегі тәртіп бойынша хабарланатынын жариялады.

АҚШ пен Францияға бағындырылған қолжаулық үкмет орындарының міндеті өз «қорғанысын», ұйымдастыру болып табылады, ал, бұл үшін сырттан соғыс материалдарын жеткізіп, әскери мамандар мен нұсқаушылар әкелуі керек болады. Халықаралық комиссияның міндеті, Камбоджа делегатының пікірінше, Камбоджаға қару жеткізу мөлшері «қорғаныс» қажеттерінен артыпайтын болған, ал, ең бастысы, бұл қарудың Вьетнам Демократиялық Республикасының қолына таласпай қалмауына бақылау болуға тиіс. Осыған сәйкес.

Егер Камбоджа делегатының өз атынан емес, басқалардың айтуымен сөйлегендігі және оның айтқандары өз ниетін ғана емес, сонымен бірге оның америка және француз қамқоршыларының шын ниетерін бейнелеп отырғандығы мәлім болмаған күнде, Камбоджа делегатының жоғарыда келтірілген сөзі оншалық назар аудармаған болар еді. Міне, сондықтан да сырттан әскерлер мен қару-жарақ әкелуге жол бермеу үшін, мұны Қытай Халық Республикасының, Вьетнам Демократиялық Республикасының және Совет Одағының делегациялары талап етіп отырғанындай, бүкіл Индо-Қытайда халықаралық қатаң бақылау ұйымдастырудың өте қажет екендігі мейлінше айқын болып отыр.

„Біз Қытайға неліктен барамыз?“

Бивеннің „Трибюндағы“ мақаласы

ЛОНДОН, 4 июнь. (СОТА). «Трибюн» Бивеннің «Біз Қытайға неліктен барамыз» деп аталған мақаласын басты. Мақалада БҰҰ-дағы америка өкілі Лодждың 25 майдағы сөзінде Қытай Халық Республикасына ешбір дәлелсіз жалақорлық шабуылдар жасалғаны қатты сыналған.

«Миллиондаған американдардың, — деп жазған Бивен, — Лодждың көзқарасына қосылмай отырғандығы сөзсіз. Мұндай көзқарас оларды жабырқатып, айыржытып отыр. Олар мұндай көзқарасты өзгерту үшін күресуде. Біз олардың барынша табысқа жетуін тілейміз...»

Американ өкілдері Біріккен Ұлттар Ұйымын Индо-Қытайдағы соғыс туралы мәселе талқылайтын орынға айналдыруға талай рет тырысын бақты. Мұндай әрекет жасай отырып, мәселені осылай талқылаудың жемісі болмайтыны сөзсіз екенін олар түсінеді, өйткені, Коммунистік Қытайдың БҰҰ-да өкілдігі жоқ.

Бұдан кейін Бивен Қытай Халық Рес-

публикасы агрессия жасады деген айыптардың ойдан шығарылатын дәлелсіз екендігі туралы айтып, Қытай дәл қытай халқының өзіне қарсы агрессия жасап отыр-мыс деген Лодждың желеуін мысқылдады. «Бұл арада агрессияны түсіндірудің жаңа анықтамасын көріп отырмыз. Сірә, елдің өз халқына қарсы «агрессия» жасауы енді жерде мүмкін болатын сыяқты. Егер мұның өзі, жалпы алғанда әлде нені түсіндіретін болсақ, оның түпкі мәні мынау ғана болуға тиіс: революцияшыл Қытайға қарсы негізгі айып оның революцияшыл болып отырғанында. Сонымен, саяси және әлеуметтік революцияның, сірә, агрессия әрекеті болып табылатынын біз ұғынуымыз керек. Егер тіпті революция өзін түпнұсқағы мақсатын көздейтін соғыс әрекеттерін тудырмаған күнде де революция жасаудың өзі де енді айыпты және Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуға жарамсыз ететін көрінеді. Мұндай анықтаушы тарихтың қандай дәуіріне қолданы-

лады екен. Егер бұл анықтаушы тым ертедегі дәуірде қолданылатын болса, онда осының негізінде АҚШ-тың өздері де БҰҰ-дан шығарылуға тиіс қой!»

Бұдан кейін Құрама Штаттардың революцияшыл Қытайға қарсы шығып, франколық Испаниямен соғыс желісі-дерін жасасып отырғанын атап көрсетіп, Бивен «АҚШ-тың ресми саясаты БҰҰ-ны контрреволюцияшыл ұйымға айналдыру мақсатын көздейді» деп жазған.

«Қытайдың Коммунистік үкметінің суверенді үкмет билігін өз шекарасының шеңберінде толық жүзеге асырып отырғандығы Қытайды Біріккен Ұлттар Ұйымындағы өз орнынан айыру әрекетін ақтау үшін неліктен сылтау етіліп отырғандығы» ақылға сыймайды деп мәлімдеп, автор қорытындысында былай деп жазған: «Ағылшын лейбористік партиясының делегациясы Коммунистік Қытаймен достық байланыстар мен жемісті ынтаяқ жасау үшін мүмкіндіктер табымыз деп үміттенеді».

үштен бірін қамтыған. Автомобиль өнеркәсібі жұмысшыларының ұлттық кәсіподағының жыл сайынғы конференциясы Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіруді талап етіп бірауыздан қарар қабылдады. Конференция қабылдаған екінші қарар бейбітшілік шартына қол қою үшін бес ұлы державаның кеңесін өткізуге шақырады.

ИНДОНЕЗИЯ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ИНДОНЕЗИЯНЫҢ ВЬЕТНАМ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫН ТАНУЫН ТАЛАП ЕТУДЕ

ДЖАКАРТА, 5 июнь (СОТА). Индонезия жұртшылығының қалың топтары Индонезияның Вьетнам Демократиялық Республикасын танып, Индонезия мен ВДР арасында дипломатиялық миссиялар алығуды талап етуде.

Газеттің хабарлауына, информация министрі Тобинг Тапанудиге (Самакада) болған митингте сөз сөйлеп, Индонезия Вьетнам халқына және отаршылдыққа қарсы күресіп жатқан барлық халықтарға мейлінше тілестік сезіммен қарайтынын мәлімдеген.

ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ КОПЕНГАГЕНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ КОПЕНГАГЕН, 5 июнь. (СОТА).

Бүгін Копенгагенде бұрынғы концлагерьлер мен түрмелердің тұтқындары душар болған аурулардың зарлаптарын жеттөу мәселелері жөнінде дәрігерлердің халықаралық медициналық-санитарлық конференциясы ашылды. Конференцияның жұмысына Еуропаның 12 елінен дәрігерлер қатысты. Конференцияның жұмысына Совет Одағынан профессоры А. Г. Гукасян мен доцент В. Н. Блахин қатысады, олар кеше Копенгагенге келді.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«БАЙ МЕН БАТЫРАҚ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПАРТИЗАННЫҢ БАЛАЛАРЫ»

Сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

* Қазақстанның 30 жылдығы *
кәсіпшілік артеліне шеберлер, қамыт-сайман жасаушылар, ағаш шеберлері керек. Сол сыяқты мұнда мүгедек балалардан үйренушілер қабылданады.
Артель өз материалымен жөндеп беру үшін жегу өзгелдерін қабылдайды.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.